

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 229 (9806)

1955 жылғы 19 ноябрь

Сенбі

Шығуына 36 жыл.  
жеке саны 20 тыйын

## ЖАҢА ТАБЫСҚА, САУЫНШЫ ЖОЛДАСТАР!

Бұл күндері совет халқы партиямыздың ХХ съезіне патриоттық зор өрлеумен әзірленуде.

Съезд құрметіндегі социалистік жарыс ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында да, оның ішінде сауыншылар арасында кең құлаш жайып, өзінің игі нәтижелерін беріп келеді. Озат сауыншылар бұл жарыста қабылдаған міндеттемелерін айрықшымен орындап шығу үшін кәсіп жасамай еңбек етуде.

Мал шаруашылығын шұғыл өркендету және оның өнімділігін еселеп арттыру жөнінде КПСС Орталық Комитетінің январь Пленумы мал өсірушілердің алдына зор міндет қойды. Мұны облыс сауыншылары да жақсы біледі. Сондықтан да олардың барлық күш-жігері, сана-сезімі Пленум қойған міндетті мінсіз жүзеге асыру жолына, сүтті мол саууға бағытталып отыр.

Пленумның ерекше маңыз берген мәселелерінің бірі—елімізде сүт өнімдері молшылығын жасау болды. Біздің облысымызда бұл міндетті жүзеге асыру саласында бірқатар жұмыс істелгендігін атап айтудымыз керек. Булаев, Полудин, Конохов, Соколов, Петропавл аудандары 1954—1955 малшаруашылық жылында мемлекетке сүт тасыру және сүт сату жоспарларын артығымен орындап шықты. Калинин атындағы, Суворов атындағы, Баян, Шағлы, Булаев МТС-терінің қамтуындағы колхоздар бойынша әрбір сауын сыйырдан 1428 килограмнан 2000 килограмға дейін сүт сауылды.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен совхоздар басқармасы сауыншылардың социалистік жарысының қорытындысын шығарды. Бұл қорытындыда көп сауыншылардың тасырманы ойдағыдай орындап шыққаны байқалды. 124 сауыншыға «Облыстың таңдаулы сауыншысы» деген атақ берілді. Бұлардың ішінде жыл бойында әрбір сауын сыйырдан 2521 килограмнан сүт сауған Ленин ауданы «Путь к социализму» колхозының сауыншысы В. Саютина, 2281 килограмнан 2387 килограмға дейін сүт сауған Преснов ауданы «Красный партизан» кол-

хоздарының сауыншыларының өнімділігін, әсіресе, сүт өнімділігін арттыруда бұл сыяқты артта қалуының сыры неде? Оның сыры—алдымен товарлы-сүт фермаларында еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауында болды. Сонымен қатар бұл аудандардың көп колхоздарында сауын малы жаз жайылымда, қыс қолда-қорада тиісті дәрежеде күтіліп, азықтандырылмады. Қыс айларында малға берілетін азық рационның мөлшері өте аз, құнары кем болып кетеді. Бузауды емізіп өсіруге, сыйырды мезгілінен бұрын суалтуға жол берілді. Фермаларда мал күтушілер, оның ішінде сауыншылар тұрақтандырылмады. Сауыншылар арасында социалистік жарыс кең өрістетілмеді.

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда орын алған бұл және басқа да кемшіліктер алдағы уақытта қайталанылмауға тиіс. Сондықтан жергілікті партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық органдары, МТС, совхоз директорлары, колхоз басқармалары товарлы-сүт фермаларына нақтылы басшылық жасап, сауыншылардың қыста да сүтті мол саууына жағдай туғызулары керек. Фермаларда еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, социалистік жарыстың өрістетілуіне, малдың белгіленген норма, рацион бойынша дұрыс азықтандырылып күтілуіне, жемшөптің мол, құнарлы болуына, жайлы қоралардың жеткілікті болуына жетісу қажет.

Сауын сыйырлардың өрте суалып кетуіне жол бермеу керек. Сыйыр бузаларынан кейін жемінде 10 ай сауылуға тиіс. Мұны ферма менгерушілері, сауыншылар естерінен шығармаулары қажет. Бір әскеретін мәселе—сауылған сүттің дұрыс есебін алу, оның орынсыз жұмсалып кетуіне тыйым салу. Бұл, сөз жоқ, МТС, совхоз және колхоз басшыларының үнемі бақылауға алатын жұмысы.

Мал шаруашылығына басшылық етуде, сүт өнімділігін арттыруда, сауыншыларға көмек көрсетуде мал шаруашылығы мамандарына, зоотехниктерге зор міндет жүктеледі. Олардың еңбегі атқарылуына

## Социалистік жарыс—еңбек өнімділігін арттырудың қуатты құралы

І. ОМАРОВ,

Қазақстан КП облыстық комитетінің секретары

Еңбек өнімділігінің үздіксіз өсуі социалистік экономиканы дамытудың бұлжымас заңы болып саналады. «Еңбек өнімділігі,—деп атап көрсетті Владимир Ильич Ленин,—сайып келгенде, жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты шәрсе».

Коммунистік партиямыз халық шаруашылығының барлық саласын өрге бастыру жүресінде еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманың сөзсіз орындалуын басты мәселе деп әрқашан да есептеп келеді және солай деп есептеп те отыр. Еңбек өнімділігінің үздіксіз өсуіне, өнім өндірудің үздіксіз ұлғаюына жетіскен өнеркәсіп орындары, колхоздар, МТС-тер мен совхоздар ғана алдыңғы қатарлылар деп есептеледі.

Жаңа өмір құрудың коммунистік әдісі—социалистік жарыс еңбек өнімділігін арттырудың қуатты құралы болып саналады. Ұлы Ленин еңбекке коммунистік тұрғыдан қараудың нышанын байқаған алғашқы сенбіліктерден совет экономикасының оңаң әрі түздеме беруі үшін біздің күндерімізде күрес жүргізіп жатқан бұқараның бүкілхалықтық қуатты қозғалысына дейін,—міне социалистік жарыстың даңқты жолы осы.

Совет мемлекетінің қуатты әлбетте социалистік жарыстың күшімен нығаяды, осыдан барып өнім өндіру жөніндегі жоспарлар мен тасырмалардың толық және артық орындалуына байланысты болып саналатын еңбекшілердің өсіп отырған материалдық мұқтажды орындалады. Совет адамдары мынаған мүдделі: олар елімізде өнеркәсіптің, жер және мал шаруашылығының өнімдері барған сайын мол өндірілуін тілейді, өйткені, материалдық және мәдени әл-ауқат жайының дәрежесі осыған байланысты.

Шаруашылық басшылары, партия, кәсіп одақ, комсомол ұйымдары бұқараның белсенділігін басқарады, адамдардың, цехтар мен бригадалардың арасындағы социалистік жарысты жанды ұйымдастыра білген жерлерде еңбек табыстары айқын көріне-

Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, советтік интеллигенция! Совет Одағы Коммунистік партиясының ХХ съезін еңбек өнімділігін арттыру жолындағы, мемлекеттік жоспарларды толық және асыра орындау жолындағы, халық шаруашылығын жаңадан мықтап өрге бастыру жолындағы күресте еңбектегі жаңа табыстармен лайықты қарсы алайық!

жер мөлшерін облыс бойынша орта көрсеткішпен 132 гектар ғана артық, ал, артта қалған станциялардағы көрсеткіштер—екі еседей кем. Алдыңғы қатарлы совхоздар әрбір трактормен жұмысталған жер мөлшерін облыс бойынша ортақ көрсеткіштен екі есе арттырды. Ал артта қалған совхоздарда көрсеткіш үш есе кем. Мына жағдайды айта кету керек, кейбір артта қалған МТС-тер мен совхоздарда да машинаны жақсы пайдалану, еңбек өнімділігін арттыру мысалдары жоқ емес. Мәселен, Пушкин атындағы МТС-те әрбір трактормен жұмысталған жердің орта мөлшері 440 гектар болса, Ледовских жолдас басқаратын бригадала 670 гектардан жер жұмысталды. Майбалық МТС-нің тракторшысы Березкин жолдас «ДТ—54» тракторымен 1578 гектар жер жұмыстады. Оның орта есемендік көрсеткіші—18 гектар. Бұл әрбір МТС-те және әрбір совхозда әрбір трактормен жұмысталатын жер мөлшерін күрт ұлғайтуға мүмкіншіліктің жеткілікті екендігін дәлелдеп отыр.

Бірқатар трактор бригадаларындағы жұмыстың қанағаттанғысыздығы салдарынан МТС-терде 1954 жылы тракторлар 203 мың трактор-тәулiк қарап тұрды. Бұл маусым кезіндегі машина жұмысының 30 процентінен асады. Әрине, бұл тәубестік жағдай. Істің жайы 1955 жылы да ойдағыдай болған жоқ. Ажал не, бұл бірқатар МТС-тер мен совхоздардың басшыларына аса әсер ете қоймай жүр.

Көп жерлерде аудандық партия комитеттері тұрғыншылар топтарының экономика мәселесіне араласуы солғын және олар батыл емес, осының салдарынан олардың жүргізетін саяси жұмыстары толғағы пәлкен мәселеден шалғай жатады. Саяси жұмысты жүргізгенде экономикалық есеп жасау, нақтылы мөлбемелерді, озаттардың көрнекі жұмыс үлгілерін байыптау ескерілетіні. Сөзім еңбекшілері

жұмысшылардың маңызды буыны ретінде еңбек өнімділігін көтеруге байланысты мәселелерді алдымызға қойып отыра, онда саяси-бұқаралық жұмыстың мазмұны көзделген мақсатқа жетуімізге көмек берегін өдістерді толық пайдалану ісіне күшіміз бен құралдарымызды жұмылдыруға бағытталуға тиіс. Міне, сондықтан да партия және кәсіподақ ұйымдары жұмысында социалистік жарысты ұйымдастыру, алдыңғы қатарлы коллективтердің, өнеркәсіп пен ауылшаруашылық жандықтарының тәжірибелерін кеңінен тарауға алдыңғы шепке қойылады. Әлбетте өзара тығыз байланысты бұл екі ұғымды бір-бірімен айырып қалуға болмайды. Жарыс идеясының өзі алдыңғы қатарлы тәжірибені таратуды көздейді, өйткені социалистік жарыс нәр алатын бұлақ қоғамымыздың алдыңғы қатарлы мүшелерінің творчестволық инициативасы болып саналады.

Социалистік жарыс—бұқараның бүкілхалықтық қуатты қозғалысы. Қандай да болмасын басқа да революциялық істердегідей, оның да өзіне тән заңдары мен талаптары бар. Ол формальдылықтыққа, бюрократтыққа және басқа да сондай ұнамастық жағдайларға төзбейді.

Облыстық партия комитетінің VIII пленумы барлық партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының алдына КПСС ХХ съезі құрамындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуді маңызды міндет етіп қойды. Партия және қоғам ұйымдарының борышы мен міндеті сол—олар бұл маңызды оқыйға әзірлікке байланысты туып отырған еңбекшілердің зор патриоттық өрлеуін басқара білетін болсын.

Бірқатар партия ұйымдары кәзірдің өзінде облыстық партия комитеті пленумының қаулысын жүзеге асыруға бағытталған нақтылы қалам жасады. Приешім

зеттері мен «Молниялар» социалистік міндеттемелердің орындалу барысын әрбір номер сайын жариялап отыруға міндетті.

Кәсіпорындарында, колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде, аудандарда және облыста социалистік жарыстың қорытындылары шығарылатын арнаулы күндер тағайындалуға тиіс. Жарыс қорытындыларын жұмысшылардың, колхозшылардың, бастауыш партия ұйымдарының жалпы жыйналыстарында, МТС-тер мен ведомстволардың советтерінде аудандық және қалалық партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде талқылап отыру қажет.

МТС және совхоз партия ұйымдары мен кәсіподақ ұйымдары жөндеушілердің социалистік жарысына жедел басшылық жасауға, қостанайлықтардың патриоттық бастамасының барлық жерде бірдей қолдау тауып, жөндеу жұмыстарында еңбек өнімділігін жоғары көрсеткішіне қол жетуін қамтамасыз етуге міндетті. Біздің облысымызда қостанайлықтардың бастамасын Булаев МТС-і жөндеушілерінің коллективі бірінші болып қолдады. Олар партиямыздың ХХ съезі ашылатын күнге дейін барлық машина-трактор паркi мен тіркеу саймандарын жөндеуді толық аяқтауға міндеттеніп отыр. Мұны айтудың маңыздылығы сонда, көптеген МТС-тер мен совхоздар жөндеу жұмыстарын көшіргісіз баяу жүргізіп отыр. Октябрьде және ноябрьдің алғашқы күндерінде Майбалық, Тимирязев атындағы, Пушкин атындағы және Асанов машина-трактор станциялары, Возвышен, Қыялы, Жамбыл, Украин және басқа совхоздар жұмысты нашар істеді. Бұл МТС-тер мен совхоздардың басшылары, партия және кәсіподақ ұйымдары найқалушылыққа жол берді, еңбек ұйымдастырумен нашар шұғылданды. Социалистік жарысты жолға қоймады. Мұның келесі айларда аптығушылыққа және асып-сасушылыққа апарып соғатындығы сөзсіз.

Партия және кәсіподақ ұйымдары жөндеушілер арасындағы бұқаралық-саяси



ауданы «Колос» колхозының сауыншысы З. Скажун, Совет ауданы Сталин атындағы колхоздың сауыншысы А. Чижевская жолдастар бар.

Бұлар сияқты озат сауыншылар совхоздарда да аз емес. Мысалға, Мамлют совхозының сауыншылары М. Дик, О. Маслова, М. Есенова, Ф. Анохина, Преснов совхозының сауыншысы Э. Войнбергер, Петропавл совхозының сауыншысы М. Челнокова жолдастарды алайық. Бұл жолдастардың есімі шебер сауыншылар ретінде бүкіл республикамызға мәлім. Бұлар 1954—1955 малшаруашылық жылында әрбір сауын сыйырдан 3256 килограмнан 4366 килограмға дейін сүт сауған, сыйыр сауудың шеберлері, облыс мақтаншысы.

Бұл фактілерден облыста сүт саууда жаңа табыстарға жетуге, январь Пленумы алға қойған міндетті әрбір колхоз бен совхоз бойынша толық орындап шығуға мүмкіншіліктің бар екендігін көруге болады.

Алайда бірқатар колхоздар мен совхоздарда сыйырдың құнарлылығын арттыруда әлі де болса елеулі кемшіліктердің орын алып келе жатқанын атап айтқан жөн. Облыстың колхоздары мен совхоздарын тұтас алғанда сауын сыйырлардың құнарлылығын арттырудың жабы қанағаттанарлықтай болмай отыр. Бұл жөнінде, әсіресе, Совет, Октябрь, Ленин аудандарының колхоздары мен совхоздары артта қалып келеді. Бұл аудандар 1954—1955 малшаруашылық жылында мемлекетке сүт тапсыру және сүт сағу жоспарларын орындай алмады. Сөйтіп, облыс бойынша бұл жөніндегі тапсырманың орындалуына нұқсан келтірді.

Фермалардағы жұмыстың жайына қарай бараланады. Олай болса мал шаруашылығының мамандары фермаларда сирек қонақ болу практикасын үздік-кесілді жоюға тиіс. Мұның өзі мамандар өздерінің қызметін жұмыстың тағдыры шешіліп жатқан жерлерде— фермаларда, малшылар арасында атқару керек деген сөз.

Фермаларды, ондағы сауыншыларды қажетті құралдармен, ыдыстармен, өндіріс товарларымен және басқа да керекті заттармен қамтамасыз ету— сауда орындарының, ал колхоздар мен совхоздардан сүтті кезінде қабылдап алу— дайындау орындарының құрметті міндеті.

Малшыларды мәдениетті қамтудың, олар арасында бұқаралық-саяси жұмысты күшейтудің, өңгіме, кеңес өткізудің, кино көрсетіп, радио тыңдатудың тәрбиелік зор маңызы бар. Осы жұмыстарды тыңғылықты ұйымдастырып, үздіксіз жүргізіп отыру партия, жасөспірім, комсомол ұйымдарына жүктеледі.

Сауын сыйырлардың құнарлылығын арттыру, сүтті мол саууға жетісу көп жағдайда сауыншылардың өздеріне байланысты. Сауыншылар еңбекте жоғары көрсеткішке ие болу үшін сыйырдың құнарын қайткенде арттыру жолын, сөйтіп сүтті мол сауу жолын үнемі үйреніп, ізденіп отырулары керек. Облысымыздың бүкіл еңбекшілерімен бірге сауыншылар да партиямыздың XX съезіне еңбекте бағалы тарту әзірлеуге тиіс. Ол үшін сауыншылар съезі құрметіндегі социалистік жарысты жоғары дәрежеде өрістетіп, жарыста қабылданған міндеттемелерін ай сайын толық және артығымен орындап отыру үшін күресулері қажет.

Жаңа табысқа, сауыншы жолдастар!

инициатива көрсетуіне ешқандай бөгет жоқ. Бұл облысымыздың алдыңғы қатарлы кәсіпорындары коллективтерінің мысалынан айқын көрініп отыр. Петропавлдағы ет-консерв-комбинаты (директоры Галышкин, партия ұйымының секретары Никитин жолдастар) өнім өндіру және еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларды бүкіл жыл бойына ойдағыдай орындап келеді. Осы жылдың өткен тоғыз айы ішінде 22 миллион сомның еті, консервісі, шұжық тағамдары жоспардан тыс өндірілді. Комбинат коллективіне министрлік пен ВЦСПС-тің ауыспалы Қызыл туы екі рет берілді. Комбинат облыстық Құрмет тақтасына жазылды.

Главдөрстройдың Қазақстан территориясындағы № 1 жол-құрылыс басқармасының коллективі быйылғы жылдың үшінші тоқсанында құрылыс жұмыстарының жоспарын 102 процент, еңбек өнімділігі жөніндегі тапсырманы 112 процент орындап шықты. Құрылыстың өзіндік құны 6,7 процент кемітілді, осының нәтижесінде 580 мың сом үнем жасалды. Үшінші тоқсандағы жұмыс қорытындылары бойынша қол жеткен жоғары табыс үшін СССР Автомобиль транспорты және Тас жолдар Министрілігі № 1 құрылыс басқармасының коллективіне Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңіп шығушылары есебінде бірінші сыйлықпен ауыспалы Қызыл туды тапсырды.

Партиямыздың XX съезін лайықты қарсы алу жолындағы ауыл-село еңбекшілерінің социалистік жарысында Конохов ауданы (аудандық партия комитетінің секретары Макаров, аудандық Совет атқо-мнің председателі Филиппенко жолдастар) бірінші орынды алды, аудан мал шаруашылығы өнімдерінің барлық маңызы түрлері бойынша дайындау жоспарын ойдағыдай орындаған. Бұл ауданда зияб жұрту жоспары 112 процент орындалды. Осы аудандағы Суворов машина-трактор станциясы да (директоры Верткин, партия ұйымының секретары Буккин жолдастар) социалистік жарыста жеңіп шықты.

Алайда, барлық машина-трактор станциялары мен совхоздар бірқалыпты жұмыс істеп отырған жоқ, механизмдердің еңбек өнімділігі төмен. Мысалдар мынадай: колхоздарда 15 аттың күші бар әрбір трактормен орташа алғанда 1954 жылы 605 гектар, ал 1955 жылы 531 гектар жер жұмысталды. Өткен жылы совхоздарда әрбір трактормен жұмысталған жер небары 496 гектарға ғана жетсе, 1955 жылы бұл цифр 392 гектарға дейін кеміді.

Әрбір трактормен жер өңдеу көрсеткіші Майбалық МТС-інде 554 гектар, Николаев МТС-інде 536 гектар, Асанов МТС-інде 509 гектар, Пушкин атындағы МТС-те 440 гектар. Сондай-ақ Интернационал совхозында әрбір трактормен 258 гектар, Украин совхозында 281 гектар, Петропавл совхозында 294 гектар ғана жер жұмысталды. Сонымен алдыңғы қатарлы МТС-терде әрбір трактормен жұмысталған

бұқарааралық арасындағы саяси жұмысты бұлайша жүргізу даурықпалы думанға айналып кетеді, көздеген мақсатына жете алмайды, әсерсіздікті және нәтижеліздікті жояды.

Облыстық партия комитетінің жуырда болып өткен пленумында облыстың кейбір аудандарында социалистік жарысқа басшылықты қанағаттанғысыздығы жөнінде бірталай мысалдар келтірілді. Мәселен, бір кезде Совет МТС-індегілер трактор бригадаларында социалистік жарыс ұйымдастыруға тырысыпты, бірақ бұл жұмыс үстерт, формальды жүргізіліпті. Екін орағы алдында әрбір механизаторларға социалистік міндеттемелер басылған әзір үлгілер тапсырылған да, механизаторларға оған қол қою ұсынылған. Бұл жерде тракторшылар мен комбайншылардың инициативасын есепке алу жөнінде сөз болуы да мүмкін емес, өйткені бұл стандартты міндеттемелер әрбір механизатордың неге ұмытылатындығын бейнелейді, олардың білімі мен жұмыс тәжірибесін ескермейді. Бригадаларда көрсеткіш тақталары уақытында толтырылып отырылмаған. Сөйтіп механизаторлар кімнің алда екендігін, ал кімнің артта қалып бара жатқандығын үнемі біліп отырмаған.

Өзара жарысқа түсушілер арасындағы жұмыс әдістері жөнінде жұртшылық танып отырған тамаша практика бар. Бұл—жұмыс учасктерінде өзара болысу, жарыс қорытындыларын уақытылы шығару, алдыңғы қатарлылар мен артта қалғандарды анықтау, жұмысты жақсы істейтіндерге жалау, ту тапсыру арқылы ынталандыру әдістері. Көп реттерде социалистік жарыста жеңіп шыққандарды заттай ынталандыру ұмыт қалып жүр. Немесе, бұл шара өте көп жүргізіледі, содан барып ол жоспардың орындалу барысына өзінің тиісті әсерін тигізе алмай қалады.

Партиялық-саяси жұмысты кәсіпорындарының, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың шаруашылық жұмысымен дұрыс ұштастыру тек қана экономика мәселесі мен партиялық жұмыстың тәсілдерін терең білгенде ғана мүмкін іс. Партиялық басшылықтың негізі мынау болуы керек: экономикаға шын мәніндегі ғылыми-зерттеу жасалсын, ал шаруашылықты дамытудың жанды жері және қозғаушы күші шеберлікпен жүргізілген партиялық жұмыс болуға тиіс. Мұнысыз партиялық жұмыс ақсайды, сөйтіп, экономика да мөз болмайды.

Партиялық жұмыс—бұл бұқарамен, адамдармен жұмыс. Адамдармен тығыз араласу, олардың жеңісіне де, ренішіне де ортақ болу—өміне, партия қызметкерінен осы талап етіледі. Оның жұмысы бұлай құрылуға тиіс: жұмыстағы кейбір ақсаушылық жағдайлар коллективті қиыңылтып қана қоймай, мұндай фактілер оқшылықты жоюға, істі негізінен жақсартуға күш жұмылдыру үшін дабыл болуға тиіс.

Егер қазір партиямыз біздің барлық

Ординарцев жолдас) өзінің бюро мүжесінде село еңбекшілерінің социалистік жарысының барысы жөнінде арнаулы мәселе қарады және бұл істе партия ұйымдары тарапынан басшылықты күшейтуге нақтылы қарар қабылдады.

Социалистік жарысқа басшылық жа-саудағы талаптың бірі—оның бұқаралық болуын қамтамасыз ету. Бізде басшылар екі-үш алдыңғы қатарлыларды бетке ұстап, жұмысшылардың басым көпшілігі социалистік жарысқа қатыстырылмай жүрген кәсіпорындары мен ұйымдар әлі кездеседі.

Социалистік жарыстың екінші бір талабы—оның әсерлі болуында. Шаруашылықтың социалистік системасы жағдайында социалистік жарыс ағандық заңдары бар капиталистік конкуренциядан түп тамырымен басқа нәрсе. Социалистік жарыс негізі жолдастық ынтымақ және өзара көмек болып саналатын социалистік өндірістік қатынастарға қызмет етеді. Осыдан барып жарыс партияның орындауын тексерудің мына мақсаттары шығады: олар жарыста жеңіп шыққандардың артта қалғандарға көмек көрсетуі, барлық жұмыс істейтіндерді алдыңғы қатарлылар дәрежесіне жергізуді үшін жақсы тәжірибелерді жұртшылық игілігіне айналдыра білу. Бұл жерде мынаны ескеру керек: социалистік жарыс артта қалған коллективтер мен олардың жеке мүшелерінің елеулі сынға ілігуін де тілейді. Жарыстың үшінші талабы—оның жария болуында. Жариялық жоқ жерде шын мәніндегі жарыс та жоқ. Кәсіпорындарының, ұйымдардың басшылары партия, жасөспірімдер және комсомол қызметкерлері социалистік міндеттемелердің қалайша орындалып жатқандығын күнбе-күн біліп отыруға, жұмысты жақсы істейтіндерді ынталандыра түсуге, олардың инициативасын қушықтырмауға тиіс. Бірде-бір жаңалық бастама елеусіз қалмайтын болсын. Екінші жағынан, артта қалып отырғандарға тиісті ықпал жасалу қажет.

Социалистік жарыстың қорытындыларын жария етудің тәсілдері өте көп. Көрсеткіш тақталары мен Құрмет тақталары үздіксіз жаңартылып тұруға тиіс. Адамдар өз еңбегінің қорытындыларын біліп отыратын болсын. Көрсеткіштерді жұртшылықтың көңілін аударарлықтай етіп көрнекілеу қажет. Міндеттемелер мен олардың орындалуын плакаттар мен панноларда көрсету қажет. Алдыңғы қатарлылар мен жаңашылардың портреттері ілінетін витриналар ұйымдастырылуға тиіс. Кәсіпорындарының, колхоздардың, совхоздар мен машина-трактор станцияларының алдыңғы қатарлы адамдарын құрметтеу ісін іскерлікпен ұйымдастыру керек. Әлбетте құрметтегенде даурықпалы думанға жол берілмей, сол құрметтеу фактісінің өзі жұмыс жағдайына сәйкестендірілуі қажет.

Жарыстың жария болуын қамтамасыз етуге біздің баспасөзіміз зор роль атқаруға тиіс. Облыстық және аудандық газеттер, көп тиражды газеттер, қабырға га-

жарыстың дұрыс ұйымдастырылуына, жұмыс қорытындыларының ай сайын шығарылып тұруына жетісуге міндетті. Облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің қаулысы бойынша машина-трактор паркін жөндеудегі жақсы нәтижелерге жеткен озат совхоздар мен МТС-терге Қызыл ту беру белгіленді. Қызыл ту ай сайын беріліп тұрады. Аудандық партия комитеттері мен атқару комитеттері де осындай шараларды жүргізуге міндетті.

Сауыншылар арасындағы бұқаралық-саяси жұмыс күшейту қажет. Есімдері республиканың басқа да облыстарына ама болып отырған атақты сауыншылар бізде бар. Олардың бірі Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозының сауыншысы Саютина жолдас. Ол өзіне бекітіліп берілген әрбір сауын сыйырдан 2521 литрден сүт сауды. Совет ауданының Сталин атындағы колхозының сауыншысы Чижевская жолдас әрбір сауын сыйырдан 2387 литрден, Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозының сауыншысы Юрасова жолдас 2353 литрден сүт сауды. Жақсы жұмыстары үшін 124 сауыншыға облыстық Совет атқо-м «Облыстың таңдаулы сауыншылары» деген атақ берді.

Сүт сауу жөнінде көрсеткіш табыстарға жеткен колхоздар мен совхоздар да бар. Мәселен, Преснов ауданындағы «Красный партизан» колхозы бойынша әрбір сауын сыйырдан 1986 литрден, Октябрь ауданындағы «Шит» колхозында—1827 литрден, Совет ауданының Сталин атындағы колхозында 1978 литрден сүт сауылды. 1955 жылы әрбір сауын сыйырдан Мамлют совхозы бойынша 3323 литр, Преснов совхозы бойынша 2086 литр сүт алынып отыр.

Алайда, облыс бойынша әрбір сауын сыйырдан сауылған сүт мөлшері әлі төмен. Тіпті быйыл сауылған сүт мөлшері өткен жылдағыдан төмендеп те кетті. Мұның себебі сол, көп жерлерде күзгі-қысқы мерзімде сүтті мол сауу жолында күрес жүргізілмеді. Ең жаманы сол—тіпті шөй жерлерде күзде және қыста «сыйырлар сүт бермейді» деген «теориясымақ» орын алды. Ал алдыңғы қатарлыларымыздың іс тәжірибесі мұны әлде қашан жоққа шығарғандығы мәлім.

Колхоздар мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары мал фермаларын саяси жұмыстың орталығы етуге тиіс. Бұл жұмыстың мазмұны мал өсірушілердің социалистік жарысын өрістетуді, сауыншылардың еңбектегі нәтижелерін есепке алуды көздейтін болуы керек.

Бүкіл совет халқымен бірге облыс еңбекшілері де БПСХ XX съезін еңбектегі жаңа табыстармен қарсы алуға әзірленіп жатыр. Жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, колхозшылар мен колхозшы әйелдер социалистік жарысқа белсене қатыса отырып, Советтік Отанымыздың экономикалық қуатының онан өрі нығаюына өздерінің лайықты үлестерін қосатын болады.

## Премьер У Нудың Термезден телеграммасы Премьер Николай Александрович БУЛГАНИНГЕ

Сіздің ұлы еліңізде болған біздің өте сүйсінерлік және пайдалы сапарымыз кезінде маған, менің әйеліме және менің миссиямның мүшелеріне Сіздердің барлық жағдайды тудырғандарыңыз үшін мен Сізге және Сіздің әріптестеріңізге өте разымын.

Советтік Россияны он мың миль дерлік жер аралап өтіп, біз бүгін біздің қарамағымызға социалық сыпайыгерлікпен Сіз берген совет самолеттерімен Бирмага ұшып бара жатырмыз.

Совет басшылары мен халқының бізді асқан жылы шыраймен қабыл алғаны біздің есімізде мәңгі сақталады.

Менің Совет Одағына барған сапарым бейбітшілік үшін жүрсуге ұйғарған менің берік ниетімді бұрынғыдан анағұрлым нығайтады деп, менің Сізді сәндіруіме рұқсат етіңіз. Мен біздің бейбітшілік үшін онан әрі бірлесіп жүрсетінімізге сенемін.

Москвада мен сый етіп тартқан 200 тонна күршітен басқа менің Сіз арқылы Совет Одағының еңбекшілеріне тағы да 300 тонна күршітті сый етіп тартуыма рұқсат етіңіз.

Ұлы Мәртебелі Президентке және Хрущев жолдасқа менің сәлемдерімді, сонымен қатар Каганович, Маленков, Молотов, Микоян, Первухин, Сабуров жолдастарға және Сіздің басқа да әріптестеріңізге менің ең ізгі тілектестігімді тапсыруыңызды сұраймын.

Сіздің өзіңіз бен Сіздің серіктеріңіздің Бирмага сүйсінерлік сапармен келулеріңізге тілектестің.



# Колхоз, совхоз фермаларында сүтті мол сауу

## Пленум қаулысын орындау жолында

Үстiмiздегi жыл бiздiң аудан колхоздары үшiн мал шаруашылығы өнiмдерiн өндiрудiң, әсiресе сыйырлардың сүттiлiгiн арттырудың ерекше табысты жылы болды десек асыра айтқандық болмайды. 1954 жылдың 1 октябiрiнен 1955 жылдың 1 октябiрiне дейiн әрбiр сыйырдан 1400 литрден сүт алу орнына «Колос» колхозы 1807, «Красная крепость» колхозы 1749, «Новый путь» колхозы 1521, «Искра» колхозы 1605, Мичурин атындағы және «Пролетарское знамя» колхоздары 1432 литрден сүт алды.

Бүкiл аудан еңбекшiлерiнiң мақтанышы болып отырған озат сауыншыларымыздың көрсеткiштерi бұдан да жоғары. «Колос» колхозының сауыншылары З. Скакун, А. Арчакова, А. Демиденко, Молотов атындағы колхоздың сауыншылары Е. Косымина, М. Левченко жолдастар өздерiне бекiтiлiп берiлген сыйырлардың әрқайсысынан 2000 литрден астам сүт саууға жетiстi. Ал әр сыйырдан 1700-ден 2000 литрге дейiн сүт сауған сауыншылар тiптi көптен саналады.

Мал шаруашылығы жылы iшiнде аудан бойынша әрбiр сыйырдан сауылған сүт 1380 литр болып отыр. Сүт өндiрудiң осындай едәуiр арттырылуы аудан бойынша мемлекетке сүт тасыру жоспарының 105 процент болып орындалуына, мемлекеттiк сатып алу орындарына 1864 центнер орнына 5087 центнер сүт сатуымызға мүмкiндiк бердi.

Бұл табысқа не болуымыздың сыры неде? Оның сыры — ең алдымен аудан партия ұйымының мал шаруашылығын өркендету, оның өнiмдiлiгiн арттыра беру күресiне барлық колхозшыларды, мал шаруашылығы мамандарын, МТС қызметкерлерiн жұмылдыра бiлуде. Аудан партия ұйымы КПСС Орталық Комитетiнiң январь Пленумының қаулысы жарыққа шығысымен-ақ оны барлық жерлерде фермаларда, малшыларға кеңiнен түсiндiрдi. Мал шаруашылығын өнiмдерiн өндiрудi арттырудың iшкi резервтерiн ашу және оларды тиiмдi пайдалану жөнiнде колхозшыларға кеңес берiп, басшылық жасап, көмек көрсеттi. Бiрқатар колхоздарда сауын малда-

**Е. МАКАРОВ,**  
Қазақстан КП Көнiухов аудандық комитетiнiң секретары

лықтарын насихаттауға да зер салынды. Қақдай iстiң болса да тетiгiн адам — кадр шешетiнi мәлiм. Сондықтан партия ұйымдары шаруашылық басшыларымен ақылдаса отырып, сүт фермаларына қолынан iс келетiн, еңбек сүйгiш колхозшыларды жiберумен бiрге олардың тұрақтандырылуын қамтамасыз еттi. Көзiр мал шаруашылығында 45 коммунист, 230 комсомолец үзiлiссiз жұмыс iстей келедi.

Партия ұйымдары социалистiк жарыс мәселесiне ерекше назар аударуда. Колхоздардың көбiнде жарыстың қорытындысы кезiнде шығарылып отырылады. Ол аудандық және қабырға газеттерiне, жауынгерлiк листоктарға, көрсеткiш тақталарына жазылады. Ферма коллективтерiнiң, сондай-ақ партия, комсомол жыйналыстарында талқыланады. Жақсы тәжiрибелер ортаға салынып, кемшiлiктер батып сыналады. Осының барлығы малшылардың белсендiлiгiн арттырып келедi.

Мал шаруашылығын өнiмдiлiгiн арттыруда кейбiр кемшiлiктердiң де бар екенiн атап айтқан жөн. 1954 — 1955 малшаруашылық жылында жекелеген колхоздар сүт өндiру жоспарын орындамады. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында әрбiр сыйырдан жоспар бойынша 1600 литрден сүт алыну керек болса, бұл 1270 литр болып қана орындалды. Әрбiр сыйырдан сүттi қосардағыдан Ленин атындағы колхоз 360 литр, «Жаңа тұрмыс» колхозы 450 литр кем алды. Мұндай кемшiлiктердiң орын алу себептерi ең алдымен аталған колхоздардың басшыларының сүт өндiрудi арттырудың озат әдiстерiн баюу енгiзуде, резервтердi толық пайдалануды олардың дұрыс ұйымдастыра алмауында болып отыр.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының басқармасы мен бастауыш партия ұйымы товарлы-сүт фермасын басқаруға коммунис Ситниковты жiбердi. Бiрақ Ситников жолдас өзiне жүктелген бұл зор

(секретары Лабочев жолдас) Ситников жолдастан ферма жұмысын жақтартуды талап етедi.

Кейбiр колхоздарда мал өсiрушiлердi тұрақтандыру тәртiбi берiп сақталмайды. Сауыншылардың, бұзау күтушiлердiң, малшылардың зоотехникалық бiлiмдерiн көтеру әлi де көзiргi талапқа сай емес. Мал шаруашылығы саласында тiкелей жұмыс iстейтiн коммунистер мен комсомолдерге өте аз.

Жақында алдыңғы қатарлы мал өсiрушiлердiң аудандық кеңесi болып өттi. Кеңеске қатысқан мал өсiрушiлерiмiз барлық колхоздардың мүмкiншiлiктерiмен санаса отырып, келесi жылы әрбiр сыйырдан аудан бойынша орта есеппен 1800 литрден сүт алуға мiндеттендi. Молотов атындағы, «Красная крепость» колхоздары әрбiр сыйырдан 2000 литр, «Колос», Молотов атындағы колхоздардың сауыншылары Скакун, Косымина жолдастар өздерiне бекiтiлген сыйырлардың әрқайсысынан 2500 литр сүт алуға уәде бердi. Мұның өзi бiздiң мал өсiрушiлерiмiздiң таяудағы жылдар iшiнде мал шаруашылығының негiзгi өнiмдерiн екi-екiжарым есе арттыру жөнiндегi партия мен үкiмет алға қойған мiндеттi мүлiксiз жүзеге асыруға мүдделi екендiгiн көрсетедi. Егер аудан партия ұйымдары колхозшылардың осы ынталылығын қуаттап, олардың мал шаруашылығын өркендету, оның өнiмiн арттыру жолындағы күресiне нақты басшылық етiп, дұрыс бағыт берiп отырса, алған мiндет аброймен орындалатыны сөзсiз. Сондықтан партия ұйымдары мал шаруашылығына басшылықты бұдан былай да жақсарту беруге тиiс.

Рас, үстiмiздегi мал қыстату маусымына аудан колхоздары ойдағыдай әзiрлiкпен келдi. Барлық колхоздарда дайындалған жемшөнтiн 93 процентi қораларға тасылды. 13 колхоз шөптi фермалар жанына түгел тасып алды. Мал жылы, жайлы қораларға орналастырылды. Фермаларда сабан-топанды малға алдын ала ұсатып беретiн азық-сүхиялары, бұландырғыштар бар. Колхоздарда салынған сүрлем әрбiр сыйырға 6,6 тоннадан келедi. Ал Мичурин атындағы колхоз әрбiр сыйыр үшiн 22 тонна бұландырғыш жолдас — 13



### БIЗDИH MИHДЕТТЕМЕ

Мен 14 жыл бойы сауыншы болып жетеп келемін. Осы уақыт iшiнде сыйырларды күту, азықтандыру, сауу жөнiнде бай тәжiрибе алдым. Оның үстiне үш жыл бойы зоотехникалық курста оқып, өткен жылы оны бiтiрiп шықтым.


Сауыншылық бай тәжiрибем, зоотехникалық бiлiмдi көтерудi өзіме бекiтiлiп берiлген сыйырлардың сүттiлiгiн арттыруға жағдай жасап келедi. 1954 жылдың 1 октябiрiнен 1955 жылдың 1 октябiрiне дейiн мен 14 сыйырдың әрқайсысынан 2657 килограмм сүт саудым. Ал менiмен жарысушы Елена Фель әр сыйырдан 2340 килограмм сүт алды. Сондай-ақ мен тәрбиеленген 6 жас сауыншы да сүттi мол саууда жоғары көрсеткiштерге ие болды.

Бiздiң сүт өндiрудi арттыра беруiмiзге совхозда мал азығы қорының мол жасалуы, сыйырлардың зоотехникалық-малдәрiгерлiк талаптарға сай келетiн қоралармен қамтамасыз етiлуi де едәуiр көмектесiп отыр.


Алдағы жылы мен 14 сыйырдың әрқайсысынан 3 мың литр сүт саууға мiндеттеме алдым және осындай көрсеткiшке жетуге Фель жолдасты социалистiк жарысқа шақырдым. Ол менiң шақыруымды қарсы алды. Бiз алған бұл мiндеттемеiздi толық орындауымызға қажеттi мүмкiншiлiк бар.

## 1955 жылы сауған сүт көрсеткiшi бойынша „облыстың тандаулы сауыншысы“ атағын алған сауыншылар

Фамилиясы	колхозы	әрбiр сыйырдан сауылған сүт килограмм есебiмен
<b>БУЛАЕВ АУДАНЫ</b>		
ВДОВИЧЕНКО М.	«2-ая пятилетка»	2158
ШНЕЙДЕР И.	«Победа»	2022
МАКСИМОВА Е.	«Коминтерн»	2020
МИЛИНЧУК А.	«Новый путь»	1950
СТОРИЧЕНКО М.	«Победа»	1906
КАРИЙ П.	«Победа»	1895
НОВАТНАЯ А.	«Коминтерн»	1857
СТАРОВОЙТОВА М.	«Коминтерн»	1852
КАРИЙ Р.	«Победа»	1833
ИОРДАН М.	«2-ая пятилетка»	1831
ИСИНА Ж.	Стаханов атындағы	1795
БЭР Э.	«Гигант»	1792
ДЫБЕЦ А.	«Страна Советов»	1767
БУБЕНКО Д.	«Победа»	1766
ЧУРКАЕВА Г.	«Красное знамя»	1762
ДУБРОВНАЯ Н.	«Страна Советов»	1761
АДЛЕР Л.	«2-ая пятилетка»	1747
СТОРИЧЕНКО М.	«Победа»	1740
САРСЕНБИНА С.	Стаханов атындағы	1736
КИРИЛЛОВА К.	«Красное знамя»	1731
ВИТТИХ Ф.	«Победа»	1730
ЖОРОВА Ф.	«Красное знамя»	1725
ЛАРУШКИНА М.	«Победа»	1719
ЕЛЕМАНОВА К.	Карл Маркс атындағы	1717
САБИРОВА Ж.	Карл Маркс атындағы	1714
ВОЛДЕМАТ И.	«Победа»	1700
<b>КОНЮХОВ АУДАНЫ</b>		
СКАКУН З.	«Колос»	2281
КОСЫМИНА Е.	Молотов атындағы	2107
АРЧАКОВА А.	«Колос»	2062
ЛЕВЧЕНКО М.	Молотов атындағы	2046
ДЕМИДЕНКО А.	«Колос»	2019
ЗУБЕНКО Н.	Молотов атындағы	1977
ХОХЛОВА М.	«Новый путь»	1898
БЕНГАРД Э.	Молотов атындағы	1837
ГОНЧАР Г.	«Колос»	1817
ПУЧКОВА Е.	«Путь Ленина»	1813
МЕТЕЛЬ М.	«Колос»	1806
ВАСИЛЬЕВА Е.	Киров атындағы	1802
ШКУРИНА Л.	Молотов атындағы	1790
НАЙБАУЭР Р.	Мичурин атындағы	1782
КОЛОГАЙДА М.	Молотов атындағы	1782
РОДИНА Е.	«Путь Ленина»	1751
ПИСАРЕНКО А.	«Красная крепость»	1751
ЕЛЬЦОВА М.	«Искра»	1720
<b>ЛЕНИН АУДАНЫ</b>		
САЮТИНА В.	«Путь к социализму»	2521
ГРЕПНИКОВА Е.	«Новый путь»	2060
БУРЛАКОВА В.	«Путь к социализму»	1970
ПАЛЬЧИКОВА Л.	«Путь к социализму»	1920
МАРКОВА А.	Воровский атындағы	1771
<b>МАМЛЮТ АУДАНЫ</b>		
ФИТЕР Л.	Сталин атындағы	1905
АНИСИМОВА А.	Чапаев атындағы	1752







дастырылды, жайылымдарды тиімді пайдалану ісі жүйеге қойылды. Сауын малын бағын-жүтудің, азықтандырудың, сауудың сыналған озат әдістері мен советтік зоотехникалық-малдәрігерлік ғылымның табыстары өндіріске енгізіліп отырды. Аудандары озат сауыншылардың іс тәжірибелерін, творчестволық жана-

Фермада еңбек ұйымдастыру ісін бегімен жіберді, сауын малдарын жүту, азықтандыру, сауу жөнінде озат әдістерді енгізуге, сауыншыларды сүт өнімін арттыра беруге ынталандыруға, сауын сүттің есебін дұрыс жүргізуге назар аудармалы. Ал колхоз басқармасы (председателі Рулимов жолдас) мен партия ұйымы

тонна сүрлем салды. Біздің аудан Булаев ауданымен социалистік жарысқа түскен-ді. Аудан еңбекшілері мал шаруашылығын өркендетуде, сүт өнімділігін арттыруда булаевтықтардан қалып қоймау үшін барлық ішкі резервтерді пайдалана отырып, партиямыздың XX съезіне лайықты тарту әзірлейді.

**Малды жайлы қоралармен қамтамасыз ету — маңызды міндет**

Қоғамдық мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттырудың қажетті шарттарының бірі — малды жақсы жабдықтауға стандартты, жылы қоралармен қамтамасыз ету. Мұны түсіне білген біздің колхоздың мүшелері жаңа мал қораларын салуды ұйымшылдықпен жүргізді және әлі де жүргізіліп келеді. Құрылыс жұмыстарын көз көздеме жүргізуімізге мүмкіндік берген біздің резервтеріміз мынадай: колхоздың табысы жылдан жылға артуда. Бұл жаңа құрылыстар салуға жыл сайын қаржыны мол бөлуімізге жағдай туғызып отыр. Оның үстіне мемлекет фермаларда құрылыс, механикаландыру жұмыстарын жүргізуге бізге ұзақ мерзімге қарыз беруге, түрлі құрылыс материалдарымен: цементпен, айнекпен, шөгемен, шифермен жабдықтауда, ағаш дайындауымызға орман учас-

токтерін бөлуде. Мұнымен қатар колхозшыларымыз жергілікті құрылыс материалдарын дұрыс пайдаланудың тиімді жолдарын қарастырып келеді. Осы мүмкіншіліктерді толық пайдалана отырып, бұрынғы қораларды айтпағанда, біздің колхозшылар «соңғы өкі жылда стандартты 4 қора салды. Үстіміздегі қыста 450 мал, оның ішінде сауын сыйырлардың барлығы жақсы жабдықтауға жаңа қораларда қыстатылуда. Малды жылы, жарық қорада күттің, той-жандыра азықтандырудың нәтижесін біз өз тәжірибемізден көріп те отырмыз. 1954 жылы фермадағы сыйырлардың әрқайсысынан 1190 литр сүт алынса, былы 1955 жылдың 1 октябріне дейін әрбір сыйырдан алынған сүт 1340 литрге жетті. Социалистік жарыстың озаттары — сауыншы Грешни-

кова жолдас өзіне бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 2003 литр, Елишова жолдас — 1700 литр сүт саууға жетісті. Мемлекетке сүт ташыру мен сатудың 1955 жылғы жоспары артығымен орындалды. Біздің колхозда тұрақты құрылыс бригадасы бар. Онда 10 адам жұмыс істейді. Бригаданы Чезен жолдас басқарады. Құрылысшыларымыз кәсір малшылар үшін жаңадан салынып жатқан бес пәтерлі тұрғын үйді құрылысын аяқтап келеді. Олар қыс айларында шошқа, күс қораларын салуға керекті құрылыс материалдарын дайындайтын болады. Біз қоғамдық малды жаңа, стандартты қоралармен қамтамасыз ете береміз. **И. ЧЕРНЯЕВ,** Ленин ауданы, «Новый путь» колхозының председателі.

**Сауыншы қыз**

(Ленин ауданындағы «Путь к социализму» колхозының озат сауыншысы, быыл қарамағындағы сыйырлардың әрқайсысынан 2521 литрден сүт сауған Валентина Савотинаға арнадым).

Өз ісін шексіз істейтін сүйіп,  
Бөленген данға  
Ол үлкен маман.  
Секілді дәрігер ақ халат киіп,  
Беледі таңмен  
Фермаға таман.

Облайтын ығры баланың қамын,  
Анадай абзал  
Қамқорлық жасап:  
Өтеді жөріп, аралап малын,  
Алдына өкпен,  
Бапшымен жем сап.

Бірінксіз аппақ онсаусақ ойнап,  
Сыйырдың емшек-желінінде  
Сауылды мол сүт —  
Төтті бал қаймақ  
Тартылды сый боп.  
Отанға — алге.

Қажырлы еңбек несібін сендей  
Құрметке бөлеп,  
сыйлайды халық  
Сүйенетін сені жан-жарым ед деп  
Түр өкен кімнің шырағы  
жаның!  
**Рахметолла УӘЛИЕВ.**

**Бірінші орын**

Приешім ауданы, Ленин атындағы МТС қамтытып колхоздарда октябрь айында өткен жылдың осы айындағымен салыстырғанда 9485 литр сүт артық сауылды. Социалистік жарыста Хрущев атындағы колхоз бірінші орынға ие болды. Мұнда соңғы бір айдың ішінде әрбір сыйырдан 163 литр сүт сауылып, бұл жөніндегі жоспар едәуір артық орындалды. Кәзір колхоз мал өсірушілері қысқы мал қыстату маусымына ұйымшылдықпен әзірлікті.

**Ж. СЕРІКПАЕВ.**

Облысымыздың таңдаулы сауыншыларының бір тобы: (жоғарыдан төмен қарай) А. Титова (Чистов астық совхозы), М. Швайгерт (Полудин ауданы, Ленин атындағы колхоз), М. Дик (Мамлют совхозы), М. Леонтьева (Соколов ауданы) «Победа» колхозы), Н. Борохина (Чистов совхозы).

Суреттерді түсірген А. Розенштейн және В. Шейкин.



Копихов ауданындағы «Красная крепость» колхозында. СУРЕТТЕРДЕ: (төменде) мал қоралары жанына тасып үйілген шөп. (Жоғарыда) сол жақта — мал қорасында орнатылған автоматты суат. Оң жақта — сыйырларды сүрлеммен азықтандыру. Суреттерді түсірген А. Розенштейн және Е. Серов.

Ферманың екінші бригадасын Есмағанбет Базылбаев басқаратынды. Неге екені белгісіз, оны мал өсірушілердің барлығы Иван Иванович деп атаушы еді. Осы бригадала ферма меңгерушісі Алексей Андреевич Гуняга келгенде Иван Ивановичтің жанында тұрған орта бойлы толықша келген жас қыз, бригадирден әлде нені сұрап, талап етті. Бригадир оған «жоқ, болмайды» деп келте жауап қайтарды. —Не болып қалды?! — деді Алексей Андреевич бұлардың жанына келіп. Екеуі де келген кісіге жалт қарады. Меңгерушінің күтпеген жерден келіп қалғанына қуанысқан олар, қабаттасып, дау-жанжалдарының себебін айта бастады. —Ту . . . , кезектесіп сөйлеңдерші дауырықпай, түсініп болар емесің, — деді Алексей Андреевич. Жас қыз Юля әдеп сақтап үндемеді. Ал Иван Иванович бұл қыздың сауыншы болғысы келетіндігін, бригадала қабылда деп өтінетіндігін, ал оған өзінің «жасың, сауыншы бола алмайсың, сауыншы болу үшін мықты қол, көмелеттік жас керек» өкпенді айтып, оған көнбей тұрғандығын баяндады. Енді даудың мән-жайына өбден түсінген Алексей Андреевич Юлямен едәуір өңгімелесті. Өңгіменің қорытындысында жас қызды алғашқы бетте сауыншы емес, бузау күтуші етіп фермага бекітетіндігін айтты. Юля көнді. Иван Иванович та бұған қарсылық білдірмеді. Қайта ол «е, жас қызға

бұл өбден жарайтын жұмыс» деп сүйсініп те қалды. Арада бір жыл өтті. Жайдары жаз, тынық ауады көштің бірі болатын. Өрістен мал да келеді. Бұл жолы Юля Федулованың да үстінде ақ халат, басында таза орамал, жанында өзіннен бірер жыл бұрын сауыншы болып істеген Мария Чельскова тұр. Басқа сауыншылар сияқты Юля да сыйырларды жеке қасыққа байлап, олардың кейбіреулерін «Волшебница», «Пуговица» деген аттарымен атайды. Қолындағы шелегін ыңғайлап, енді сүт саууға отыра бергенде, қасындағы құрбысы Мария Юляны ақырын тоқтатты да, сыйыр сауудағы өз тәжірибесінен мына бір жайларды айтты: —Сыйырды қақтап сауудың техникасына жетісуің керек. Ол үшін ең алдымен санитарлық тазалық шарттарды толық сақтаған жөн. Қолыңды сабындан жуғаның, үстіңе таза халат кигенің, тілгі басыңа таза орамал тартқаның өбден дұрыс. Енді желінді мына жылы сүмен жу. Сонан соң таза орамалмен құрғата сүрт, — деп желін жууға арналған жеке шелектегі суды және таза орамалды көрсетті. —Енді мынаны да ескеріп қой, — деді Мария оған әрі. Желінді өкі қайтара: сауар алдында және сауып болған соң ақырын сылап-сыйлап отыр. Өйткені ол қан айналымын арттырып, сүттің мол келуін тездете түседі. Былайша

**СҮТ**

айтқанда сыйыр мейіргене иеді. Юля сыйыр сауу алдында мұны да жасады. Енді өкі саусақтың ұшымен емшекті шымылдан тарта бастағанда Мария оны кілт тоқтатты. —Тұра тұр Юлянка, бұлай сауу жарамайды, — деді Мария ұстаздық үшмен. Юля қып-қызыл болып жетті. Тілгі оңда үн де жоқ. Кінәлі болған адамдай-ақ қасындағы өрі құрбысы, өрі ұстазы Марияға қайта-қайта қарай берді. —Юлянка, — деді Мария ақырын, бірақ нығыз үшмен, — бұл өте ауыр тәсіл. Бұл тәсілді ерекше жағдайларда ғана, сүті аз, емшегі әлі өсіп жетілмеген сыйырларды сауғанда ғана қолданады. Ал сүті мол біртеп сыйырды осылай сауатын болсаң, саусағың қатты тапшып кетеді де, сүт сарқыла сауылмай қалып қояды. Оның үстіне сыйырдың емшегі жарылады. Жарылған жерге шаң-тозаң тұрады. Одан емшекке қабыну процесі басталады. —Мен сыйырды былай сауамын, деп Мария Юляның шелегін алып, орынына өзі отыра қалды. Юля басқа ойдаң ұмыт болып көз алмай ұстазына тәсіле қарады. Мария әуелі емшекті тұтамды ұстады. Оны жоғарыдан төмен қарай сүк қол, ортаң қолмен, одан біртіндеп басқа саусақтарымен бірқалыпты қыса

бастады. Ең ақырында емшектің желін жақ түбін шыпашағымен қатты қысты. Сүт Юля сауғандағыдай емес, емшек үршіне мол келе бастады. Мария бұл әдісті бірнеше рет қайталап қолдану керек екендігін айтты. Мария Чельскова өзінің шөкіртіне бірінші күндердің өзінде-ақ осылайша көп нәрселерді үйреткен еді. Фермадағы озат сауыншылардан Юля өзіне керекті деген кітапшалары жинастырып алды. Ол кітапшаларды түнде уақыт бөліп оқып, оқығандарын практикада байыптылықпен қолдана бастады. Юляның алғашқы арманы, қажырлы талабы қанша өтті болғанымен де ол әлі көп мәселелерді кезінде түсіне бермеді. Мәселен, Юля тұрақты мал азығы базасының жасалуы — сүтті мол алудың негізі екендігін ескермеді. Оны тек үш ай өткен соң ғана барып білді. Сондықтан да бригадир Иван Иванович пен сауыншы Юля бір-өкі рет ауыр сөздерге де келіп қалды. Юля сыйырларға жемазықтың өте аз берілетіндігін, осыдан келіп сүттің де аз сауылатындығын бригадирге дәлелдеді. Әрбір сауын сыйырына орта есеппен 28 центнер деркезінде шабылып жыйналған, витамині мол, пішен, 6 тонна сүрлем азық керек деді. Ал бригадир азықты мейлінше мол үнемдемелісі болып, «бізде



# Жолындағы социалистік жарысты өрістете берейік!

1955 жылы сауған сүт көрсеткіші бойынша „облыстың таңдаулы сауыншысы“ атағын алған сауыншылар

Фамилиясы	колхозы	әрбір сыйырдан сауылған сүт килограмм есебімен
<b>ПЕТРОПАВЛ АУДАНЫ</b>		
БУТАКОВА В.	Ворошилов атындағы	1779
ШМИДТ Е.	Сталин атындағы	1863
БУГЕР Е.	Сталин атындағы	1757
КИМ Е.	Димитров атындағы	1753
СВЕЦИХ Е.	«Красный пахарь»	1743
<b>ОКТАБРЬ АУДАНЫ</b>		
ШМУТ В.	«Щит»	2245
НАЧЕВНАЯ Е.	«Щит»	2235
ОМЕЛЬЧЕНКО Н.	«Щит»	2173
ПЛАКСИВАЯ Е.	«Щит»	1864
ЧЕРНЕНКО М.	«Щит»	1864
АРТЕМЕНКО Е.	«Щит»	1854
ЛЫСЕНКО М.	«Щит»	1854
ШИЛОВА А.	«Щит»	1833
КОЛОМИЕЦ М.	«Пламя»	1751
<b>ПОЛУДИН АУДАНЫ</b>		
ШВАЙГЕРТ М.	Ленин атындағы	2138
ВЕЛЬК Е.	Ворошилов атындағы	1857
БЕККЕР Н.	«Путь Ильича»	1836
БИТНЕР Э.	Ленин атындағы	1833
ПИГАЛЕВА Е.	«Путь Ильича»	1831
ГЕНЗЕ Г.	Чапаев атындағы	1831
ВИНТ И.	Чапаев атындағы	1818
ФЕЛЛЕР Р.	Чапаев атындағы	1787
ШПИРЕР Р.	Чапаев атындағы	1771
АМАН Е.	Ленин атындағы	1769
<b>ПРЕСНОВ АУДАНЫ</b>		
ЮРАСОВА Е.	«Красный партизан»	2353
ШЕФЕР Э.	Сталин атындағы	2307
ДАГУТКИНА М.	«Красный партизан»	2267
ШЕГАПОВА А.	Сталин атындағы	2266
ШАРАПАЕВА Р.	«Красный партизан»	2181
ҚАЗБОЛАТОВА М.	Сталин атындағы	2173
МАЙСНЕР Э.	Сталин атындағы	2173
КОСТЮРИНА Т.	«Красный партизан»	2153
ШАРАПАЕВА М.	«Красный партизан»	2132
РЖЕВСКАЯ А.	Киров атындағы	2126
МЕЦЛЕР Е.	Сталин атындағы	2101
ГАУПТ В.	«Красный партизан»	2092
ГЕККЕЛЬ Н.	«Красный партизан»	2047
САФИНБАЕВА Ы.	Киров атындағы	2026
МАЙСНЕР Ф.	Киров атындағы	1969
БОЛОТНИКОВА Э.	«Организованный труд»	1943
ПРИМАК Е.	«Красный партизан»	1942
ГЕНКЕЛЬ Н.	«Жизнь»	1914
ВАРВОМЕЦ А.	Киров атындағы	1911
ИВАШУРА Т.	«Организованный труд»	1899
МАЙСНЕР М.	Киров атындағы	1886
ПОПОВА Е.	«Красное знамя»	1868
ФИСЕНКО А.	Абай атындағы	1854
БЛАЖКО Н.	«Организованный труд»	1831
ПРИМАК К.	«Красный партизан»	1827
КОВАЛЕНКО М.	«Жизнь»	1823
РЕКЛИНГ Ф.	«Победа»	1803

## Булаев ауданының Колхоздары бойынша сауылған сүт



### ЖАРЫС—ТАБЫС ЖОЛЫ

Сыйырдың сүттілігін талаудағы жылдар ішінде екі—екі жарым ес арттыру міндеті фермадағы жекелеген сауыншылардың ғана емес, барлық сауыншылардың сүт саууда жоғары көрсеткіштерге жетуін талап етеді. Біздің ферманың сауыншылары сүт өндіруді арттыра беру жүресін, міне, осы тұрғыда жүргізуде.

Сүт өнімділігін жаппай арттыру үшін біз, барлық сауыншылар өзара жарысқа түстік. Алған міндеттемелерімізді орындау мақсатымен сыйырды жұту, азықтандыру ісін жақсарттық, сыйыр сауудың озат әдістерін сенінен қолдандық. Жарыстың қорытындылары ай сайын шығарылып тұрады. Жоспарда белгіленген мөлшерден тыс сауған сүт үшін қосымша ақы төлеу тәртібі мұқият жүзеге асырылады.

Осылардың нәтижесінде 1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 октябріне дейін колхозда әрбір сыйырдан 1749 литр сүт алынып, бұл жөніндегі жоспар артығымен орындалды. Мен өзіме бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 1751 литр сүт саудым.

Социалистік жарыстың ның мәнінде ұйымдастырса, оның өңбек өнімділігін арттырудың әр әдісі өзіміз біз өз тәжірибемізден көрдік. Кәсір келесі жылы әрбір сыйырдан кемінде 1800 литрден сүт алу үшін жарысқа түсіп отырмыз.

**А. ПИСАРЕНКО,**  
Конюхов ауданы, «Красная крепость» колхозының сауыншысы.

## Колхоздарда сүт молшылығы үшін

Облыс колхоздары БЮСС Орталық Комитетінің мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыра беру жөніндегі қаулысын жүзеге асыруда елеулі табыстарға жетті. 1955 жылы колхоздарда 1954 жылмен салыстырғанда 700 мың литр сүт артық сауылды. Өткен жаздың құрғақ, жайылымның қуаң болғанына қарамастан товарлы-сүт фермаларында өңбектің жақсы ұйымдастырылуы, жайылымдардың тиімді пайдаланылуы және күзді күні малдарға қосымша жем берудің нәтижесінде облыстың жекелеген колхоздары сүт өндіруді жалпы түсімін де, әрбір сауын сыйырдан алынған сүт мөлшерін де әлдеқайда арттырды. Мысалы, Булаев ауданының Коминтерн атындағы колхозында сүт өндіру өткен жылғыдан 59655 литр артты. Ал Конюхов ауданының «Путь Ильича», «Новый путь» және Киров атындағы колхоздары 1954 жылғыдан 35850—57473 литрден сүтті артық сауды. Ленин ауданының Аманкелді атындағы колхозында өткен жылмен салыстырғанда сүт өндіру 49 процент өскен. Бұл колхозда әрбір сауын сыйырдан 402 литр сүт артық алынған. Преснов ауданының «Победа», «Красный партизан» және Киров атындағы колхоздарында әрбір сауын сыйырдан алынған сүт өткен жылмен салыстырғанда 200 литрден 466 литрге дейін өсті. Облыстың озат сауыншылары әрбір сауын сыйырдан жыл ішінде орта есеппен 1700 литрден, 2450 литрден сүт сауды.

Бұл көтерілген озат көрсеткіштер — аталған аудандардың, колхоздардың сүт өндіруді арттыру жолында социалистік жарысты күшейтіп, аялбай өңбектенуінің, малды қыс уақытында жақсы азықтандыруының, оған күтімді жақсартуының, сауын сыйырлардың күнделікті суалып кетуіне жол бермеуінің және фермаларды озат колхозшылармен толықтыруының нәтижесі. Бұл колхоздарда ұйымдастыру-бүқаралық жұмыстар жақсы жолға қойылды, олардың жұмыс нәтижелері жиі қорытындыланып, әрбір ай сайын, жекелеген колхоздарда, он күн сайын, жоспардан тыс алынған өнім үшін қосымша ақы беріліп отырылды.

Дегенмен Октябрь, Ленин, Преснов және Совет аудандарының колхоздарында сүт өндірісін арттыру жолында

**М. ҚОСПАНОВ,**  
Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары

«коммунизм», «Пламя» колхоздарында, Приеним, Преснов және Совет аудандарының бірқатар колхоздарында товарлы-сүт фермалары сауыншылармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілгенді, ал кейбір колхоздарда қыс уақытында әрбір сауыншыға 16—20 сыйырдан бекітілді.

Үстіміздегі жаңа малшаруашылық жылынан бастап облыс колхоздарының сүт өндіруді арттыруға ерекше мән беруінің нәтижесінде октябрь айында орта есеппен әрбір сыйырдан алынған сүт өткен жылдың осы уақыттағысынан 26 литр артты. Приеним ауданының «Новая жизнь», «Востандық», Хрущев атындағы колхоздары, Преснов ауданының «Красный партизан» колхозы, Полудин ауданының Ворошилов және Аманкелді атындағы колхоздары, Булаев ауданының «Гигант», «Коминтерн» колхоздары әрбір сауын сыйырдан октябрь айында 140—190 литрден сүт сауды.

Мұндай табыстың сыры неде? Алдымен бұл колхоздарда екі жылдан бері сауыншылар бір де рет ауысқан емес, партия ұйымдары мен колхоз басқармалары мал шаруашылығындағы қызметкерлерге ұдайы қамқорлық жасап, бұл салада кездескен кемшіліктің тез жойылуын қадағалайды.

Өткен қыста облыс бойынша сауын сыйырлардан алынған сүт мөлшері мейлінше кем болды, яғни алты ай ішінде барлық жыл бойына сауылатын сүттің 20—24 проценті ғана алынды. Міне, бұл кемшіліктерді жою үшін колхоз, МТС және аудан басшылары пәрменді күрес жүргізуде тиіс.

Сүт өндіруді арттыру міндеті алдымен малшылардың фермадағы жұмыс күші тәртібін қатаң сақтауын, малдың өнімділігін арттыруға қажетті жағдайлардың толық іске асырылуын талап етеді. Ол үшін әрбір фермада қорала тұрған мал алғашқы күнінен бастап салмағына және қондылығына қарай азықтандырылуға тиіс.

Кейбір шаруашылықтардың басшылары сыйырларды, болмаса құндылықтарын сауылмаған жөзінде

оқып арықтан кетеді. Сөйтіп қашан қондығына шейін жөнді сүт бермейді. Мұндай кездерде сыйырды оңалтуға жұмсалатын азық бұрынғы үнемделген азығынан әлдеқайда асып түседі. Мұны малшаруашылығы мамандары мен ферма қызметкерлерінің мұқият ескерулері қажет.

Мұнымен бірге буаз сыйырларды жеткілікті азықтандырмау салдарынан құрсақтары толқпай дамуы нашарлайды, ол тез ауыратын болып туады. Мұндай залалдан құтылу үшін жемішөтті орынсыз үнемдеу сияқты әдетті үздік-кесілді жою қажет. Жемішөтті үнемдеу үшін ол малға қадағалы өсеіп бойынша берілу, жемішөтті малға бергенде, тасығанда ысыраққа жол бермеу арқылы үнемделуге тиіс.

Сүт өндіруді арттыра түсуде сауыншыларды тұрақтандырудың ерекше маңызы бар. Тұрақтандырылған сауыншы қарауындағы сыйырлардың мінезін жақсы біледі және сыйырлар бір сауыншыға үйренгеннен кейін жақсы иіп, сүтті мол беретін болады. Осымен бірге ірі сыйырлар мен құнажын сыйырларды сауыншыларға тез бұзауларанан кейін ғана бекітіп беру практикасын жою қажет. Тіпті сауыншыларға демалыс беру үшін тағайындалған кезекші сауыншының өзін тұрақты ету қажет.

Сауыншылардың сыйырларды жақсы зерттеп білуі үшін мал шаруашылығы мамандары оларды түгелдей ұшқылық зоотехникалық курстарына оқуға тартуға тиіс. Онда сабақ негізінен қолда бар малдың физиологиялық ерекшеліктерін, малдың анатомиясын және асқазанының физиологиясын, сүт бездерінің функцияларын түсіндіруге бағытталуы керек.

Малды мезгілінде суармау жемішөттің аз болуымен бірдей өсер ететін қолайсыз жағдай. Сондықтан мал уақытында суарылып отыруға тиіс және олардың суық күндері алысқа айдалуына жол берілмеуі қажет.

Сүт өндіруді арттыра беруді қамтамасыз ететін бұл сияқты шараларды бұлжытпай жүзеге асыру үшін алдымен мал шаруашылығын тәжірибелі, жұмысты жанамай істейтін адал колхозшылар есебінен толықтыру қажет. Сонымен бірге ай сайын жоспардан тыс сауылған сүт үшін 20 проценттен сауыншы-





## Фермадағы мәдениетті арпшыра береміз

Мал қыстату — мал шаруашылығын өркендету мен оның өнімділігін арттыра берудегі аса жауапты маусым. Әсіресе қысқы маусымда сауын сыйырлардың сүт өнімділігін жаз айларындағыдан кемітпеу міндеті алға қойылып отырған жағдайда, малды зоотехникалық-малдәрігерлік талаптарға сай күтіп, фермадағы мәдениетті оған әрі жақсарту берудің зор маңызы бар. Сондықтан да біздің товарлы-сүт фермасының коллективі осы мәселелерге, малды жақсы қоралармен, құнарлы азықпен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлді.

Сыйырлар үшін июль айынан бастап 1 октябрге дейін көкшөп көнбейрін ұйымдастырдық. Мұның өзі біріншіден, сыйырлардың сүттілігін арттыра түсуімізге жағдай жа-

саса, екіншіден, малдың күзгі-қысқы маусымға дейін жоғары қонды болуын қамтамасыз етті.

Сауын малдары стандартты үш қорада тұрады. Қора ішінде әр сыйырдың арнаулы орны, оттыры, басқабі бар. Екі қорала автомат суарғыш орнатылған. Мұның өзі қысқы жұмыстарды жеңілдетті.

Ферма жанында үш азық құжылы жұмыс істейді. Бұлармен 160 сыйырма, 980 шоңқаға берілетін азық алдын-ала әзірленеді.

Фермада малды күтіп-бару таңертеңгі сағат 5-тен түнгі 12-ге дейін жүргізіледі. Сыйырды сауу, суару, азықтандыру, жатар орнын тазарту, жападан сабан төсеу жұмыстары тағайындалған жұмыс күнінің тәртібі бойынша атқарылады.

Күтім мен азықтандыруды осы-

лайша жақсарту арқылы біз октябрь айында әрбір сыйырдан 243 килограмна сүт алдық. Жекелеген сүтті сыйырлардан алынған сүт 300 килограмна артты. Ал ноябрь айында да күндіз сауылған сүт мөлшері октябрідегіден кеміген жоқ. Бөлімшеде ұшжылдық зоотехникалық курс жұмыс істейді. Мұнда барлық сауыншылар, бұзау, шоңқа күтушілер басқа да мал өсіруші жұмысшылар оқиды. Олардың зоотехникалық білім алуы шаруашылықты мәдениетті жүргізу ісін жақсартуға көмектесіп отыр.

Мен мал өсірушілердің социалистік жарысына күнбе-күн басшылық етіп көңес беріп, практикалық көмек көрсетіп отырамын.

**Г. БАДАНОВ,**

Чистов совхозының зоотехнигі.

жаман етіп жеткілікті дайындай отырып, жазғы жайылымға мол бола отырып, сүтті жоғарыдағы колхоздардан көм сауды, тіпті өткен жылғыға қарағанда бұларда сүт сауу мөлшері төмендеп те кетті. Оның себебі Октябрь ауданының «Заря

жақсы азықтандыру, оларды сауыншыларға бекітуді міндет деп білмейді. Көбіне мұндай малдарға берілетін азық мөлшері жоспарлы-рационал әлдеқайда төмен болады. Осының салдарынан сауын сыйырлар немесе құнажық сыйырлар

арға сүт беру міндеті керек. Міне, осы сияқты шаралар толық жүзеге асырылса, фермаларда социалистік жарыс көп өріс ала, облыс колхоздарында 1956 жылы мал шаруашылығы өнімдерін өндіру шұғыл артатыны сөзсіз.



## Сауыншылық — құрметті қызмет

Сауыншы — товарлы-сүт фермасындағы басты тұлға. Осындай аборейлі да, жауапты жұмысқа мен 1954 жылы келдім. Алғашқы жылдың өзінде-ақ өзіме бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 3600 килограмм сүт саудым. Ал үстіміздегі жылдың өткен он айы ішінде әр сыйырдан сүт 3149 килограмм болды. Жыл аяғына дейін өлі де жемінде 500 килограмна сүт алуыма толық мүмкіндігім бар. Өйткені кәзірдің өзінде күн

сайын сүті көм деген сыйырлар 9,5 килограмна, сүтті сыйырлар 11 килограмна сүт беріп жүр.

Біз жұмыс істейтін гуртта тәжірибесі мол, сүт өнімін арттырудағы тамаша табыстарымен республикамызға белгілі болған Мария Дик және менің шөпем Мәңкемәт Есенова сияқты сауыншылар бар. Олар маған сыйыр сауудың техникасын үйретуде көп қамқорлық жасады.

Жас сауыншы өз фермасындағы озат сауыншылардың әдісін үйренумен ғана тынбау керек. Ол үнемі іздену, зерттеу жолында болуға тиіс. Мен өткен жылғы және былығы Москваға, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барғанда өлі-

міздің көптеген озат сауыншыларымен кездестім, олардың жұмыс әдістерін үйрендім.

Біздің совхозда сыйырлардың сүттілігін арттыра беруге әлі де болады. Бұл үшін біз творчестволықпен жұмыс істеуе, сүт өндіруді арттыру жолындағы социалистік жарысты өрістетіп беруге тиістіміз.

Мен КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарысқа ұштаса отырып, 1956 жылы әр сыйырдан 4 мың килограмм сүт саууға міндеттендім.

**Ө. ЕСЕНОВА,**

Мамлют совхозының жас сауыншысы.

Облысымыздың таңдаулы сауыншыларының бір тобы: (жоғарыдан төмен қарай) А. Писаренко (Конихов ауданы, «Красная крепость» колхозы), П. Ашиткова (Тоқшын совхозы), Т. Давыденко (Совет ауданы, Сталин атындағы колхоз), Е. Пигалева (Полудин ауданы, «Путь Ильича» колхозы), Е. Ночевная (Октябрь ауданы, «Щит» колхозы).

Суреттерді түсірген

А. Розенштейн және В. Шейкин.

## БҰЛАҒЫ

ондай мүмкіншілік жоқ» деп көңіле дейін көнбей келді. Юля болмай отырып, ақыры дегеніне жетті. Дайындалған азық қыс айларына жетеді, әрі мол, әрі сапалы азық сыйырдың сүті кемімеуіне, қондылығының арта түсуіне зор әсер етті.

—Иван Иванович,— деді Юля декабрь айының ортасында бригадир Есмағамбет Базылбаевқа, —көзір менің көзімне мына тесіктерді бекітіп, қора ішіне қар түспейтіндей етіңізі.

—Бүгінше қоя тұр. Ертең шеберлерді шақыртып жөндегіміз, — деді бригадир еріншектігіне басып.

Юля бригадирдің мұнысына болмады. Оның қолына тактай, балға, шөге тауып беріп, күн жылыда ауа кірліп тұрсын деген терезенің үлкендігіндей тесіктерді шөгелеткізіп тастатқызы. Енді қораға жел соғып, қар түспейтін болды.

Бұдан бір жыл бұрын Петропавл совхозының коллективі мен Мамлют тұқымдық мал совхозының коллективі өзара социалистік жарысқа түсіп, сүтті мол сауу жөнінде көтеріңкі міндеттеме алған еді. Сол міндеттемені қабылдау жыйналысында сауыншылар сауыншыларға, бақташылар бақташыларға көмектесіп, озат тәжірибелерді ортаға салып отыруға келіскен-ді. Жыйналыс Юляға да үлкен әсер етті.

Тәжірибе ауысу үшін сауыншылар Юля Федулова, Нина Тюканько, Мария Челнакова, София Островская тарау басқалары көршілес Мамлют совхозына жиі-жиі барып тұрды. Онда олар сыйыр сауудағы алдыңғы қатарлы сауыншылармен кездесіп, олардың озат әдістерімен танысты. Малды қалай азықтандыру керек, қалай күтіп-бару керек деген мәселелер жөнінде пікірлесі. Жамал Есенова, Мария Дик, Ольга Маслова, Пелагея Анохина сияқты озат сауыншылармен көңесіп, тәжірибе ауысты.

Әсіресе сауыншы Мария Диктің сыйырды бұзаулауға қалай әзірлеу керек деген әңгімесі Юляға үлкен ой тастады. Өйткені атақты сауыншы сүтті мол алуды қамтамасыз ететін шаралардың ішінде сыйырды бұзаулауға дұрыстап әзірлеу басты мәселенің бірі екендігін баса айтты.

—Менің өз тәжірибемнен мынаған көзім жетті,— деді сауыншы Дик,—

буаз сыйырды бұзаулауға жақсылық әзірлеу, дер кезінде суалту, сауылған кезінде жақсы күтіп, дұрыстап азықтандыра білу — сыйырдан сүтті мол алуға, дені таза бұзау өсіруге мүмкіндік береді. Сыйырларды сүтті ету жөніндегі жұмысымыз мен осыдан бастаймын.

Мария Дик әлгі пікірін бір-екі мысалдармен түйінді түрде дәлелдей келіп, буаз сыйырды сүт беріп жүргеніне қарамастан бұзаулауына алыса күн қалғанда суалтатындығын, ал қондылығы ортадан төмен жәрі сыйырларды 65—70 күн бұрын суалтатындығын, малдың дұрыс тынығуы үшін бұл мерзімді қатаң сақтайтындығын айтты. Фермада малды шарғыныстыру жөнінде арнаулы график бар екендігін, ол графикті мұқият қадағалап қарап отыратындығын, осының арқасында сауыншы әрбір буаз сыйырды қашан суалту керек екендігін жақсы білетіндігін баяндады.

—Мысалы,— деді Мария,— мен «Макія» дейтін сыйырды тәулігіне 16 килограмм сүт беретінін ескере отырып, бұзаулауына 65 күн қалғанда суалттым. Соның нәтижесінде ол тек қонанып қана қойған жоқ, келесі сауын маусымында 5360 килограмм сүт берді.


Атақты сауыншы Мария Дик жас талап Юляға фермадағы жұмыс, әсіресе сыйыр сауу көп жауапкершілікті талап етеді деді. Ферма деген, деді ол сөз ойлансып тұрып, сүт бұлағы. Сөз сүт бұлағына лайықты сауыншы болу кім болса соның қолынан келе бермейді. Сауын-

шы деген құрметті атқа лайық болу үшін талапты іздену керек деді. Бұл Юляның ойында ұмытылмастай мәңгілікке сақталып қалды.

Озат сауыншы Мария Дикпен пікірлесу, тәжірибе ауысу зия кеткен жоқ. Қайта Юля сияқты жас сауыншыға кейбір елемей, сезбей жүрген кемшіліктерін дереу жоюға мүмкіншілік берді. Бәрінен де Марияның «ферма деген сүт бұлағы» деп айтқан бір сөзі жас сауыншыға шабыт беріп, сүттің мол сауылуына пайдалы әсер етті. Осы жылдың басында Юля Федулова өзінің мүмкіншіліктері мен жағдайларын есептей отырып, қарауына 12 сауын сыйыр емес, 15 сауын сыйыр алмақшы болды. Ол сыйырлардың әрқайсысынан жыл аяғына дейін үш мың килограмм сүт саууға міндеттенді. Бұл міндеттеме оңайшылықпен болмаса да, бұл күндері үш мың бір жүз килограмм болып орындалып отыр. Бірақ Юляның бұл өндірістік табысқа кісе тұтқымы келмейді. Өйткені КПСС XX съезі құрметіндегі социалистік жарыста, қарауындағы 15 сыйырдың әрқайсысынан кәзіргі қол жеткен 3100 килограмм сүттен әлдеқайда артық сүт саууға жетіспек. Ол кімше Юля бір өзі емес, бригадир Иван Ивановичпен және мал өсіруші коллективпен тығыз байланыста ғана жететініне көміл сенеді.

**К. ЕСИМОВ,  
З. ҚАСКЕЕВ,**

Петропавл совхозы.



СУРЕТТЕРДЕ: (төменде) Чистов совхозының стандартты мал қорасының жалпы көрінісі. (Жоғарыда) сол жақта — Преснов совхозының таңдаулы төл күтушісі Л. Скрибина бұзауды өміздікпен азықтандырып тұр. Оң жақта — Чистов совхозының сүт айыру бөлімшесінде. Суреттерді түсірген А. Розенштейн,



# Төрт держава сыртқы істер министрлерінің Женевадағы кеңесі

## 15 ноябрьдегі күндізгі мәжіліс

ЖЕНЕВА, 16 ноябрь. (ТАСС). Кеше европалық хауіпсіздік және Германия туралы мәселеге арналған күндізгі мәжілісте В. М. Молотов Германиядағы шетелдік әскерлерді азайту туралы бірінші болып мәлімдеме жасады. Совет делегациясы шетелдік әскерлерді, шектелген контингенттерден басқаларын, ұшайлық мерзімде Германиядан өлету туралы ұсыныс енгізгенін, ал бұл ұсыныс қабылданбай қалғаннан кейін бұл әскерлерді 50 процент мөлшерінде азайту сонымен бірге төрт державаның қарулы күштерін әкеліген әскерлердің мөлшерінде азайту туралы келісуді 9 ноябрьде ұсынғанын еске салып, Совет делегациясының басшысы былай деп атап көрсетті: мұндай шара директивалардан туып отыр және европалық хауіпсіздік пен Германия туралы мәселені шешуге, қарусыздандыру туралы мәселені шешуге көмектеседі. В. М. Молотов Совет делегациясының, Герман Демократиялық Республикасымен және Герман Федералдық Республикасымен келісе отырып, олардың қарулы күштерінің санын шектеу туралы келісуді ұсынғанын еске салды.

Совет делегациясы, деді В. М. Молотов, бұл ұсынысқа зор маңыз беріп отыр, мұның өршіне себебі сол, бұл ұсыныс екі герман мемлекеті арасындағы қатынастарда құдіреттенушілікті жоюға жеткізеді, демек, олардың арасында өзара түсінісушілік және ынтымақ орнатуға көмектеседі.

Д. Даллес былай деп мәлімдеді: Америка Құрама Штаттарының делегациясы, оның айтқанындай, Германияны еркін сайлау өткізу арқылы қайта қосу туралы мәселе талқылаудан Совет делегациясы «бастарта беретін» уақытқа дейін совет ұсыныстарын қарауға әзір емес.

А. Пинз күн тәртібінің бірінші пункті жөніндегі француз делегациясының позициясы өзгермеген қала береді деп мәлімдеді.

Г. Макмиллан былай деп мәлімдеді: оның пікірінше, Совет делегациясы енгізген ұсыныстың кеңес жұмысына қатысы жоқ және ол Үкімет Басшылары Директиваларының рухы мен өрісіне қайшы келеді.

Бұдан кейін Европада құрылып отырған мемлекеттер топтары арасындағы договор туралы Совет ұсынысы жөнінде В. М. Молотов сөз алды. Совет делегациясының басшысы, бірінші жағынан, Солтүстік-Атлантикалық шарт пен батыс-европалық одаққа, ал екінші жағынан Вар-

шава договорына қатысушылар арасында договор жасасудың қажет екендігіне, ойткені Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы келісімге әлі қол жетпегендігіне назар аударды. Атап айтқанда, бір-бірімен өзара қатынастарын да күші қолданудың немесе күші қолданамыз деп қыр көрсетуден тартынуға және барлық дауды мәселелерді бейбіт жолмен шешуге міндеттеме алуды көздейтін договор жобасының мазмұнын еске салып, В. М. Молотов мынаны атап өтті: договор жасасу туралы ұсыныс нақты жағдайды есепке алуға, Шығыс пен Батыс арасындағы шиеленісті бәсеңдету идеясына сүйеніп отыр.

Д. Даллес былай деп мәлімдеді: Америка Құрама Штаттары Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшесі болып табылады, ал оның Уставы договордың жобасында айтылып отырған міндеттемелерді көздейді. Америка Құрама Штаттарының, деді Даллес, Уставтан туатын міндеттемелерді адалдықпен орындайтын ниеті бар, бірақ ол Совет Одағы мен жасалатын, Германияны қайта қосу мәселесі мен Европалық хауіпсіздік проблемасы арасында тығыз байланыс бар екенін ескермейтін хауіпсіздік туралы нендей бір басқа договорларға қосылуда әзір емес.

А. Пинз де совет ұсынысы Германияны қайта қосу және хауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі арасындағы байланысты ескермей отыр деп мәлімдеді. Бұл ұсыныс, деді ол, сонымен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставымен салыстырғанда, ешқандай жаңалық енгізбейді.

Г. Макмиллан былай деді: батыс державалары Германияның бөлшектенуін сақтауға негіздегендей хауіпсіздік туралы договорды қабылдай алмайды. Қарулы күштерді пайдаланудан тартыну міндеттемесі, деп көрсетті ол, Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставына, сонымен қатар Солтүстік-атлантикалық договорға да енгізілген.

Үш держава министрлерінің жеткірген сылтауларына жауап беріп, В. М. Молотов мынаны атап көрсетті: олар Германиядағы шетелдік әскерлерді әкетуді немесе азайтуды және Европадағы мемлекеттер топтары арасында договор жасасуды көздейтін ұсыныстардан бастартып отыр. Сонымен бірге ол Біріккен Ұлттар Ұйымының Уставында жазылған міндеттемелерді договорда қайталан айту орынсыз болып табылады-мыс деген сөздердің логикаға жатпайтынын көрсетті. Атап ай-

қанда, ол мынаны еске саады: Г. Макмиллан күші қолданбау міндеттемесі Солтүстік-Атлантикалық договорға енгізілген деп мәлімдеді; олай болса, онда сол міндеттемені ұсынылып отырған договорға енгізу нәтижесі орынсыз болады екен?

Бізге, деді В. М. Молотов бұдан кейін, былай делініп отыр: біз не үш державаның 28 октябрьде енгізілген жобасын қабылдауға тиісіміз, немесе Европада хауіпсіздікті нығайту үшін ештеңе де қолдануға болмайды. Батыс державаларының делегациялары енгізген договор жобасының түпкі мәніне тоқталып, В. М. Молотов былай деп көрсетті: мұндай договордың нақты мәнісі тиісті де Европалық хауіпсіздікті қамтамасыз етуі емес, қайта бүкіл Германияны реинтеграциялау, оны батыс державаларының сорыс тобына қатыстыруда болып отыр. Сонымен бұл жоба келісімге жетуге негіз бола алмайды және осы себептен де Үкімет Басшыларының Директивасына және Женева кеңесінің рухына сай келмейді.

В. М. Молотов өзінің сөзін аяқтағаннан кейін батыс державаларының министрлері енді күн тәртібінің бірінші пункті жөнінде өздерінің басқа ескертшелері жоқ екенін мәлімдеді.

В. М. Молотов күн тәртібінің бірінші пункті жөніндегі дискуссияның кейбір қорытындысын шығару аса пайдалы болар еді деп мәлімдеді.

Ол кеңестің қарауына күн тәртібінің бірінші пункті жөнінде Совет делегациясы ұсынысының жобасын енгізді. Бұл жобадан былай делінген: «СССР-дің, Америка Құрама Штаттарының, Великобританияның және Францияның сыртқы істер министрлері мынаны атап көрсетеді: күн тәртібінің бірінші пункті —Европалық хауіпсіздік және Германия жөнінде болған пікірлер алысуының нәтижесінде қажетті дәрежеде әлі келісімге қол жетпеген болса да, дегенмен, Европалық хауіпсіздікке қатысы бар бірқатар маңызды мәселелер жөнінде позициялардың үйлесіп отырғаны анықталды, атап айтқанда:

1. Европалық хауіпсіздік туралы договорға қатысушылар өздерінің бір-бірімен қатынастарында күші қолданудан бастартып деп осы договорға көзделетін болуын кеңестің барлық қатысушылары жақтап шықты...

2. Европалық хауіпсіздік туралы договор бойынша алынатын міндеттемелер Европада мүмкін болатын агрессияға қарсылық көрсету үшін бірлескен шаралар

қолдануды көздеуге тиіс деген келісімге қол жетті.

3. Сонымен қатар договорға қатысушы мемлекеттер агрессорға көмек көрсетпейтін болсын деген келісімге қол жетті.

4. Шығыс пен Батыс арасында аймақ белгілеу қажет деп танылды, бұл аймақтың территориясында тиісті мемлекеттердің қарулы күштерінің шекті дәрежелерін белгілеу жөніндегі шараларды жүзеге асырып, бұған тиісті инспекция қоюға болар еді.

5. Европалық хауіпсіздік туралы договор бойынша өздеріне алған міндеттемелерді мемлекеттердің орындауын қамтамасыз ету мақсатымен договорға қатысушылардың өзара консультациялар алысуы қажет деп танылды.

6. Сонымен бірге Европадағы хауіпсіздік туралы договор бойынша алынған міндеттемелер мемлекеттердің жеке немесе коллектив болып өзін-өзі қорғайтын бұлжымас правосына нұқсан келтірмейтін болсын деп толық келісіліп отыр.

Кеңестің барлық қатысушылары, сонымен бірге, мынаны атап өтеді: мемлекеттер арасында ынтымақты нығайту негізінде, Европалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету, сонымен қатар Герман проблемасын шешу және Германияның бірлігін қалпына келтіру сыяқты негізгі мәселелер жөнінде келісімге әлі қол жеткен жоқ.

Кеңестің барлық қатысушылары осындай келісімге жетуге бағытталған күш-жігерді оған әрі жұмсауға ұмтылып отырғанын көрсетті.

В. М. Молотов осы ұсынысты енгізгеннен кейін Д. Даллес былай деп мәлімдеді: бұл ұсынысты зерттеу, сойтіп, келесі мәжілісте, сыртқы істер министрлерінің кеңесі туралы мүмкін болатын мазмұндаманы министрлер қарайтын кезде, бұл ұсынысқа қайта оралған жөн болар еді. А. Пинз бұл ұсынысқа қосылды. Г. Макмиллан да осынылық маңызды документ зерттеуді керек етеді деп мәлімдеді: Ол сонымен қатар «әлі де істеуге тура келіп отырған жұмысты анықтап алу үшін» министрлер жабық мәжіліске жыйналатын болсын деп ұсынды.

Бұл ұсыныс қабылданып, сонан кейін министрлер шағын құрамдағы мәжіліске жыйналды.

Кеңеш мәжілістің барысында СССР делегациясы сонымен қатар кеңестің қарауына төрт сыртқы істер министрінің қарусыздандыру туралы мәселе жөніндегі мәлімдемесінің жобасын енгізді.

# В. М. Молотовтың Женевадан жүріп кетуі

ЖЕНЕВА, 17 ноябрь. (ТАСС). СССР Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және СССР Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов бүгін Женевадан жүріп кетті.

Буантрэн аэродромында В. М. Молотовты Швейцария үкімет орындарының өкілдері, СССР-дің Швейцариядағы кіші елшісі П. И. Ершов, Швейцарияда тіркелген бірқатар елдердің дипломатиялық миссияларының басшылары, Женевадағы Қытай-американ келіссөздеріндегі Қытай Халық Республикасының өкілі Ван Биннань, Сыртқы Істер министрлері кеңесіндегі СССР делегациясының мүшелері мен қызметкерлері және басқалары шығарып салды.

В. М. Молотов аэродромда микрофон алдында мынадай мәлімдеме жасады:

Сыртқы істер министрлері кеңесінің қорытынды мәжілісінде Совет делегациясы кеңестің нәтижелеріне баға беріп өзінің пікірін баяндады. Мұнда кеңестің маңызы туралы да, сонымен қатар оның нендей нәрсені істей алмағандығы туралы да айтылды.

Совет делегациясының атынан мен өздерінің дәстүрлі меймандостығы үшін Швейцарияның Федералдық үкіметіне, Женева контоны мен Женева қаласының үкімет орындарына өзіміздің зор ризалығымызды білдіргім және Женева халқы мен бүкіл Швейцария халқына біздің құттықтауларымызды, ең жақсы тілектерімізді жолдағым келер еді.

# Албан парламент делегациясының Москваға келуі

СССР Жоғарғы Советінің шақыруы бойынша Албан Халық Республикасы Халық жыйналысының делегациясы 16 ноябрьде Москваға келді. Делегацияны Халық жыйналысының председатели Гого Нуши басқарады. Делегацияның құрамында Мюслим Пеза, Сами Вахольи, Сали Мборья, Шифкет Круа, Лефтер Гога, Вели Деди, Сири Шабло, Этехем Бурхани, Персефони Тодри, Калье Вайрактари, Михаль Йорги, Бардох Зогу, Бануш Годжай, Бейто Дочи, Вели Араши.

совет адамдарының туысқан албан халқына деген терең сүйіспеншілік сезімдерін сезінсіздер.

Совет адамдары Сіздердің келулеріңізге қуанышты және Сіздердің біздің елімізде жылы жүзді достық кездесулер өткізудеріңізді қызу тілейді.

Қош келдіңіздер, біздің қымбатты жолақтар!

Делегация басшысы Гого Нуши жауап сөз сөйледі. Ол былай деді:

Албан Халық Республикасы мен Совет Одағының мемлекеттік жалауларымен безелген Внуково аэродромында делегацияны СССР Жоғарғы Советі Одақ Советінің Председатели А. И. Волков, СССР Жоғарғы Советі Ұлттар Советі Председателінің орынбасары П. Т. Комаров, СССР Жоғарғы Советі Президиумы Секретарының орынбасары А. Ф. Горкин, СССР Министрлері және басқа ресми адамдар, сол сыяқты астана еңбекшілерінің көптеген өкілдері, совет журналистері қарсы алды.

Маған Албан Халық Республикасы Халық жыйналысының парламент делегациясы атынан Сіздерді жылы жүзбен қарсы алғандықтарыңыз үшін шыны жүрекпен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Біз бүгін Сіздердің орталарыңызда, социализмнің ұлы Отанының даңқты астанасы —Москвада, туысқан совет халықтарының арасында болғанымызға өте бақыттымыз.

Албан Халық Республикасының парламент делегациясын сонымен қатар Албан Халық Республикасының СССР-дағы Төтенше және Полномочиеді Елшісі Михаль Прифти және Елшіліктің қызметкерлері қарсы алды.

Албан Халық жыйналысы осы жылдың март айында СССР Жоғарғы Советінің 1955 жылғы 9 февралындағы Декларациясын бірауыздан қабылдап, бұл уақыт ішінде СССР Жоғарғы Советінің делегациясын өз елінде қабылдау құрметіне ие болды. Сонымен қатар біз Сіздердің даңқты елдеріңізге парламент делегациясын жіберу туралы бізге жолдаған шақыруларыңызды аса үлкен қуанышпен қарсы алдық. Біз бұл кездесулер өкі ел арасындағы достық қатынасты және дүние жүзіндегі бейбітшілік ісін оған әрі шығартады деп сенеміз.

Пионерлер албан халқының өкілдеріне гүлдер тапсырды.

СССР Жоғарғы Советі Одақ Советінің Председатели А. И. Волков Албан Халық жыйналысы депутаттарына арнаған сөзінде былай деді:

—Қымбатты жолақтар!

СССР Жоғарғы Советі және барлық совет халқы атынан маған Сіздерді, Албания Халық Республикасының біріккен

# Төрт держава сыртқы істер министрінің қарусыздандыру туралы мәселе жөніндегі мәлімдемесі



Халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге, мемлекеттер арасында сенімді нығайтуға, батыс қатарын жоюға және қару-жарақтың ауыртпалығын азайтуға көмектесу талабын басшылыққа ала отырып,

Совет Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Біріккен Корольдіктің және Француз Республикасының сыртқы істер министрлері қарусыздандырудың өте көлемді программасы жөнінде келісімге жетуге онан әрі ұмтыла беру қажет екендігіне бұрынғысына сеніп отыр, бұл программа дүние жүзінің адамдық және экономикалық ресурстарын қарулану мұқтаждарына анағұрлым аз жұмсап, халықаралық бейбітшілік пен хауіпсіздікке көмектескен болар еді.

Олардың тапқылауы мынаны көрсетті: бұл мақсат жөнінде келісім бар ал қару-

жарақты азайтуға және атом қаруына тыйым салуға қатысы бар кейбір маңызды мәселелер, соның ішінде пәрменді бақылау қою қажеттігі жөнінде төрт державаның позициялары жақындасып отыр. Ал келісімге әлі қол жетпеген мәселелерге келетін болсақ, министрлер былай деп келісті: төрт держава басқа мүдделі мемлекеттермен бірлесіп, болып отырған алшақтықтарды жоюға, сөйтіп, қарусыздандырудың, соның ішінде барлық қару-жарақ пен қарулы күштерді азайтып, пәрменді кепілдіктер берудің өздерінің қабылдауына болатын системасын белгілеуге күш-жігерін жұмсайты.

Соның өзінде министрлер былай деп келісті: қарусыздандыру жөніндегі міндеттемелерді мемлекеттердің орындауын бақылау әдістерін зерттеудің кәзіргі уақытта

өртүрлі елдерде жүргізіліп отырған шаралары қарусыздандыру проблемасын реттеуді жеңілдету мақсатын көздейтін болуға тиіс.

Министрлер осыған байланысты Үкімет Басшыларының Директивасына сәйкес мынадай ұсыныстарда көзделген ережелерді ең алдымен қарау қажет деп келісті, бұл ережелер:

а) қару-жарақты азайту, атом қаруына тыйым салу және жаңа соғыс қатарын жою мәселелері жөніндегі осы жылғы 10 маусымдағы және 21 июльдегі СССР ұсыныстарында,

б) өуеден фотосуретке түсіру және әсері информация алысу туралы Америка Құрама Штаттары президентінің 21 июльдегі ұсынысында,

\* \* \*

ЖЕНЕВА, 16 ноябрь. (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). Сыртқы істер министрлері күн тәртібінің бірінші пункті — еуропалық хауіпсіздік және Германия жөнінде кешегі күндізгі мәжілісте енгізілген Совет делегациясының ұсынысын қарау үшін бүгін таңертеңгі 11 сағат 30 минутта өздерінің 16-шы мәжілісіне жыйналды.

Бүгінгі мәжілісте В. М. Молотов председателдік етті.

Талқыланатын отырған мәселе жөнінде бірінші болып Д. Даллес сөз сөйледі.

Кеше, деді ол, Совет делегациясы еуропалық хауіпсіздікке қатысы бар бірқатар маңызды мәселелер жөнінде позициялардың үйлесім отырғанын төрт державаның сыртқы істер министрліктері атап көрсетті деген ұсыныс енгізді. Мен бұл мәселелер жөнінде біздің ойымызда белгілі параллелизм көрсетілгенін елемей отырған жоқпын және бұл фактінің маңызын кемітпеймін. Мен батыс державаларының ұсынысында және Совет Одағының ұсынысында болған ортақ элементтерге таллау жасаған кезімде позициялардың осылай үйлесім отырғанына бірінші болып назар аудардым. Бірақ мен мынаны көрсетуге тиіспін: мен мұны Германияны қайта қосу туралы мәселе жөніндегі өзінші позициясын Совет Одағының толық баяндап бергенге дейін айттым. Хауіпсіздік туралы, әсіресе Германияға, НАТО-ға және Брюссель договорына қатысы бар

мәселе жөнінде біздің пікірлеріміздегі айырмашылық біздің арамызда елеулі мәселелер жөнінде әлі де өдеуір алауыздықтар бар екенін көрсетіп отыр.

Д. Даллес совет ұсынысының теріс әсер тудыруы мүмкін, өйткені Германия — бөлшектеліп отырғанда, хауіпсіздік орнауы мүмкін емес деген батыс державаларының пікірі, сонымен қатар НАТО мен Брюссель договоры сияқты ұйымдардың батыс державаларының өз хауіпсіздігі үшін және басқа елдердің хауіпсіздігі үшін бағалы екені туралы олардың пікірі бұл ұсыныста жеткілікті түрде бейнеленбей отыр деп хауіптенетінін білдірді. Д. Даллес бұған қоса былай деді: совет ұсынысында айтылғанындай, позициялардың кейбір үйлесім отырғаны шын мәнісінде анықталғаны жайындағы пункттердің дәл тұжырымдалмасын Министрлердің қарамағында қалған қысқа уақыттың ішінде келісім алу қиын болар еді тиісті келісу мүмкін болмас та еді. Осыған байланысты Д. Даллес мәжілістердің қолда бар протоколдарымен тынудың өзі жеткілікті деп көрсетті.

Бұдан кейін А. Пинз қысқаша мәлімдеме жасады. Ол былай деп мәлімдеді: совет ұсынысында айтылып отырған Еуропалық хауіпсіздік туралы мәселе жөніндегі көзқарастардың үйлесуі текжана формальді және елеулі жағдай болып табылады. Жетуге күш салатын мақсаттарға ор-

тақ көзқарас жөнінде біз келіскен күнде ғана, бұл көзқарастардың осылай үйлесім отырғандығының нендей бір мәнісі болады және ол біздің сындарлы жұмыс жүргізуімізге мүмкіндік береді.

Г. Манмиллан Даллес мырза мен Пинз мырзаның мәлімдемелеріне өзінің ештеңе де қоса алмайтынын, бұл мәлімдемелерге артылған үкіметінің толығымен қосылатынын айтты.

В. М. Молотов кеңестің қарауына тапсырылған документке совет делегациясының егжей-тегжейлі тоқтап қалуының қажеті жоқ деп мәлімдеді.

Даллес мырза, деп мәлімдеді В. М. Молотов, төрт державаның позицияларындағы ұқсастық пункттердің де, сондай-ақ әлі де алшақтық тудырып отырған маңызды мәселелердің де бұл документте атап көрсетілгенін айтты.

Бұл мәлімдеме дұрыс. Совет ұсынысының жобасын жақсартуға және оны мәселенің барлық заттарын баяндау тұрғысынан алғанда неғұрлым тұжырымды және неғұрлым толық етуге болатынына әпкім де қарсы болып отырған жоқ. Тиісті өзгертулерді келісім алу үшін, әрине, техникалық қиыншылықтар да, соның ішінде уақыттың жеткіліксіздігі де орын алып отыр. Бірақ бұл мәселелер жөнінде келісуден бастартуы техникалық қиыншылықтармен ақтауға болатындығы екі талай.

## БРАЗИЛИЯДАҒЫ ОҚЫҒАЛАР ЖАЙЫНДА

МОНТЕВИДЕО, 17 ноябрь. (ТАСС). Латинамерикалық баспасөздер Бразилиядағы оқығаларға аса зор назар аударуда. Газеттер былай деп хабарлайды: Бразилияның социал-демократиялық партиясы республиканың уақытша президенті Неру

Рамосты қолдайтындығы туралы қарар қабылдаған. 18 қасіподақтық және жұмысшылар федерациясы өздерінің жаңа үкіметті және еңбек министрі Нельсон Оменьяны қолдайтындығын білдірген және 22 ноябрьде мемлекеттік төңкерісті

болдырмауға көмектескен қарулы күштер мен конгреске ынтымақтастық білдіру Ретінде үлкен митинг өткізуге дайындалуда.

Студенттік ұйым мен жазушылар ассоциациясы да өздерінің жаңа үкіметті қол-

дайтындығын білдірді. Сонымен қатар, деп хабарлайды газеттер, жаңа сайланған президент Кубичектің жақтастары да 11 ноябрьдегі жеңістен кейін өз қатарларын қайта құруда.

а) қарусыздандыру туралы мәселе жөнінде 21 июльде және 29 августа енгізілген Великобритания үкіметінің ұсыныстарында және

г) қарусыздандырудың финансы жағынан бақылау туралы және босап қалған ресурстарды бейбіт мақсаттарға жұмсау туралы Франция үкіметінің ұсынысында баяндалған.

Министрлер және былай деп атап көрсетеді: төрт держава, өз үкіметтері Басшыларының мәлімдемелеріне сәйкес, өздерінің арасындағы қатынастарда қарулы күш қолданудан тартынатыны және өздерінің арасында болып отырған немесе тууы мүмкін алауыздықтарды бейбіт жолмен шешуге ұмтылып отырады деген толық бірауыздылық бар екені анықталды.

А. Пинзның мәлімдемесіне тоқтай кетейік, В. М. Молотов былай деді. Пинз мырзаны біз ортақ мақсаттар туралы әлі келіскен жоқпыз деген мағынада түсінуге болар еді. Бірақ меніңше ол июльде Женевада болған Кеңесте қабылданған Үкімет Басшыларының Директиваларын ұмытқан сияқты. Бұл Директивалар біздің үкіметтеріміз келіскен ортақ мақсаттарды бейнелеп отыр, сондықтан біз өзіміздің ұсынысымыз осы Директиваларға және Женева рухына сай келеді деген пікірге сүйендік. Біз, әрине Женева кеңесіндегі біздің төрт мемлекетіміз арасында тиісті келісімдер болып отырса да, Пинз мырзаның хауіпсіздік туралы мәселелер жөнінде келісетін уақыт жеткен жоқ деп отырғандығымен санасатын боламыз.

Мәжмиллан мырзаның позициясы, деп ескертті В. М. Молотов, анағұрлым айқын баяндалды.

Осының бәрі себепті, деді В. М. Молотов қорытындысында, Совет делегациясының ұсынысында баяндалған мәселелер жөнінде біздің келісімге жете алмағанымыз жайында Совет делегациясы қыжығандық білдіреді және осында бұл мәселе жөнінде жасалған мәлімдемелерді еске алады.

Осыдан кейін мәжіліс жабылды. Министрлер қорытынды мәжіліске күндізгі сағат 3-те жыйналады.

нымыздың астанасы Москваға келген өкілдерін, шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Сіздердің Совет Одағына желулеріңіз біздің халқымыз арасындағы күн сапап нығайып отырған достықтың тағы да бір айқын мысалы болып табылады.

Совет адамдары Албан Халық Республикасының даму жолына аса зор назар аударып отырады және өз елінде социалистік құрылыс жолына берік түскен туысқан албан халқының табыстарына шын жүректен қуанады.

Біздің елімізде болған кезде Сіздер, біздің қымбатты достарымыз, совет халқының шаруашылық, саяси және мәдени өміріндегі барлық табыстарымен танысуға толық мүмкіншілік аласыздар және

## Египет премьер-министрі Насердің мәлімдемесі

КАИР, 17 ноябрь. (ТАСС). Баспасөздерде Египет премьер-министрі Насердің кәзіргі уақытта АҚШ пен Израиль арасында Израильға американдық қару-жарақтар беру туралы жүргізіліп жатқан келіссөздер жөніндегі мәлімдемесін жариялаған.

Насер өзінің мәлімдемесінде мынаны атап көрсеткен: соңғы үш жыл бойына Египет АҚШ-қа қару-жарақ сату туралы бірнеше рет өтініш жасады. Бірақ ол «Құрама Штаттардан бірде-бір патрон ала алған жоқ».

Сонымен қатар, деді ол, АҚШ Израильға, «қарулы күштер жағынан Израиль-

дәрі-дәрменсіз аса зор табыстарымен бұрынғыдан да жақсы танысуға, ал Сіздердің біздің халқымыздың жаңа өмір құру жолындағы табыстарымен танысуға және Албан Халық жыйналысы мен бүкіл албан халқының Совет Одағы халқына деген аса терең сүйіспеншілігі мен шексіз берілгендігін шын жүректен білдіруге мүмкіншілік береді.

Москва қаласының тұрғындарын және бүкіл совет адамдарын құттықтауға және Сіздерге коммунизм құрудың дақтық жолдарында, дүние жүзінде бейбітшілікті сақтау ісінде бұрынғыдан да зор табыстарға жете берулеріңізге тілектестік білдіруге рұқсат етіңіздер.

Ұлы совет халқы мен албан халқы арасындағы туысқандық достық нығайып, көркейе берсін!

дың арабтардан әлдеқайда басым екендігіне қарамастан», қару-жарақ беруді онан әрі жүргізуде. Мұның өзі АҚШ үкіметі тарапынан араб елдерін үнемі хауіп үстінде ұстау үшін Израильдың соғыс күштері жағынан басымдылығын қолдап отыруға ұмтылушылық барлығын көрсетеді. . . »

Бізге бір-ақ жол қалып отыр, деп мәлімдеген Насер, ол жол — өзіміздің халқымыз бен Отанымызды қорғау үшін жаңадан қару-жарақ алу жолы.

Редактордың орынбасары  
Г. НҰРМОЛДИН.

## Киноларда

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ҚАРДАҒЫ ІЗ»

Сеанстар сағат 11, 1, 3, 5, кешкі 9 және 11-де басталады.

Облыстық тұтынушылар одағының универсалды базасында колхоздарға сатылатын цемент, ағаш материалдары, шегелер, сортты және жабатын темірлер, автоматты жүк тиегіштер, доңғалақты тракторлар, жүк автомашиналары, моторлар, автоматты таразылар, пилорамалар және басқа да машиналар мен шаруашылық товарлар бар.

Сол сияқты Петропавл қаласында және Булаевода азаматтарға бір пәтерлі, екі және үш пәтерлі құрастырмалы үйлер сатылады.

Петропавл қаласы, Революционный косогор көшесі, 27-үйде тұрушы Проскураева Лидия Алексеевна Амурдағы Комсомольск қаласы, Чернышевский көшесі, 23-үйде, 5-пәтерде тұрушы Проскураев Геннадий Егоровичтен айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Амурдағы Комсомольск қаласының халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02394

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.